Программы Хлопок 60 °C и Хлопок 40 °C — это «стандартная программа Хлопок 60 °C» и «стандартная программа Хлопок 40 °C». Они подходят для стирки изделий из хлопка с умеренной степенью загрязненности и являются наиболее эффективными для данного типа стирки с точки зрения потребления воды и энергии. После установки следует запустить режим калибровки (см. раздел «Выполнение калибровки (рекомендуется)» в инструкции). При использовании данных режимов фактическая температура воды может отличаться от заявленной.		

Заметки

SAMSUNG



Страна изготовления: Произведено во Вьетнаме

Производитель: Samsung Electronics Co., Ltd /Самсунг Электроникс Ко., Лтд

Адрес изготовителя: Республика Корея, (Мэтан-донг) 129, Самсунг-ро, Енгтонг-гу, г. Сувон, Кёнги-до, 16677

Место производства: Samsung Electronics HCMC CE Complex Co., Ltd., Лот I-11, D2 Роад, Саигон Хай-Тех Парк, Танг Нхон Пху Б Вард, Дистрикт 9, Хо Чи Минх Сити, Вьетнам

Импортер в России: ООО «Самсунг Электроникс Рус Компани», Российская Федерация, 123242, г. Москва, Новинский бульвар, д. 31, помещение 1, 2



Символ « не для пищевой продукции » применяется в соответствии с техническим регламентом Таможенного союза « О безопасности упаковки » 005/2011 и указывает на то, что упаковка данного продукта не предназначена для повторного использования и подлежит утилизации. Упаковку данного продукта запрещается использовать для хранения пищевой продукции.



Символ « петля Мебиуса » указывает на возможность утилизации и упаковки. Символ может быть дополнен обозначением материала упаковки в виде цифрового и/или буквенного обозначения.

ВОПРОСЫ ИЛИ КОММЕНТАРИИ?

СТРАНА	ТЕЛЕФОН	ВЕБ-САЙТ
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/support
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	www.samsung.com/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_ru/support
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/uz_ru/support
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	www.samsung.com/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	www.samsung.com/support
MONGOLIA	1800-25-55	www.samsung.com/support
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support
MOLDOVA	+373-22-667-400	www.samsung.com/support



DC68-04282G-01

Кір жуғыш машина

Пайдаланушы нұсқаулығы

WF18T8000**

SAMSUNG

Мазмұны

Қауіпсіздік ақпараты	4
Қандай қауіпсіздік нұсқауларын білу керек	4
Маңызды қауіпсіздік белгілері	4
Қауіпсіздікке қатысты маңызды ескертулер	5
Орнатуға қатысты қатаң ескертулер	6
Орнатуға қатысты ескертулер	8
Пайдалануға қатысты қатаң ескертулер	8
Пайдалану кезінде сақталатын сақтық шаралары	10
Тазалауға қатысты қатаң ескертулер	13
Орнату	14
Жинақтың құрамы	14
Орнатуға қойылатын талаптар	16
Орнату қадамдары	18
Іске кірісу алдында	26
Бастапқы параметрлер	26
Кір жуу туралы кеңес	26
Жуғыш зат бойынша ұсыныс	30
Жуғыш зат үлестіргішіне қатысты нұсқаулар	31
Іске пайдалану	34
Басқару панелі	34
Оңай бастау қадамы	36
Циклға шолу жасау	37
Смарт басқару	40
Параметрлер	41
SmartThings	42
Күтім көрсету	44
Барабан тазалау+	44
Smart Check	45
Төтенше жағдайда су төгу	46
Тазалау	47
Мұздап қалғаннан кейін қалпына келтіру	50
Ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде күтіп ұстау	50

Ақаулықты түзету	51
Тексерілетін мәселелер	51
Ақпарат кодтары	55
Техникалық сипаттама	57
Матаға күтім көрсету кестесі	57
Қоршаған ортаны қорғау	58
Қосалқы бөлшектеріне берілетін кепілдік	59
Желінің күту режимінде тұрғанда пайдаланатын қуат мөлшері	59
Техникалық ақпарат парағы	60
EPREL ақпараты	61



Қауіпсіздік ақпараты

Жаңа Samsung кір жуғыш машинаңыз құтты болсын. Бұл пайдаланушы нұсқаулығында құрылғыны орнату, іске қолдану, оған күтім көрсетуге қатысты маңызды ақпараттар қамтылған. Кір жуғыш машинаңыздың көп мүмкіндіктері мен функцияларын толық қолдану үшін, осы пайдаланушы нұсқаулығын оқып шығуға уақыт бөліңіз.

Қандай қауіпсіздік нұсқауларын білу керек

Жаңа құрылғыңыздың кең ауқымды мүмкіндіктері мен функцияларын қауіпсіз және тиімді пайдалану жолдарын білетініізге көз жеткізу үшін осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Нұсқаулықты кейін қарап жүру үшін құрылғыға жақын, сенімді жерде сақтаңыз. Бұл құрылғыны тек осы нұсқаулықта көрсетілген мақсатта ғана қолданыңыз.

Осы нұсқаулықта көрсетілген ескертулер мен қауіпсіздік нұсқаулары, орын алуы мүмкін жағдайлардың барлығын қамтымаған. Кір жуғыш машинаны орнату, оған күтім көрсету және іске қосу барысында сақ болу, қарапайым сақтық шараларын сақтау сіздің жауапкершілігіңізде.

Келесі іске пайдалану нұсқаулары әр түрлі үлгілерге арналғандықтан, кір жуғыш машинаңыздың техникалық параметрлері осы нұсқаулықта сипатталған үлгілерден сәл өзгеше болуы және ескерту белгілерінің кейбіреуі сіздің құрылғыңызға қатысты болмауы мүмкін. Сұрағыңыз немесе өзіңізді толғандырып жүрген мәселе болса, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе www.samsung.com веб-сайтынан анықтама және ақпарат алыңыз.

Маңызды қауіпсіздік белгілері

Осы нұсқаулықтағы таңбалар мен белгілер нені білдіреді:

ЕСКЕРТУ

Ауыр дене жарақаттарына өлімге және/немесе мүліктік зақымға әкелуі мүмкін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.

НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Адамның жарақаттануына және/немесе мүліктің бүлінуіне әкелуі мүмкін қауіптер немесе қауіпті әрекеттер.

ЕСКЕРІМ

Адамға немесе мүлікке зақым келтіретін қауіптің бар екенін көрсетеді.

Бұл ескерту белгілері өзіңіз және басқа адамдар жарақат алмас үшін берілген.

Оларды мұқият орындаңыз.

Осы нұсқаулықты оқығаннан кейін, кейін қарап жүру үшін сенімді жерге сақтап қойыңыз.

Құрылғыны қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып шығыңыз.

Айналатын бөлшектері бар кез келген электр құрылғысы тәрізді, бұл да қатерлі жағдайлар туғызуы мүмкін. Осы құрылғыны қауіпсіз іске қосу үшін, оны іске қолдану және күтім көрсету жолдарымен танысыңыз.



Қауіпсіздікке қатысты маңызды ескертулер

ЕСКЕРТУ

Осы құрылғыны пайдаланған кезде өрт, электр немесе жарақат алу қатерін азайту үшін, негізгі сақтық шараларын, соның ішінде келесі шараларды орындаңыз:

1. Бұл құрылғыны кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем немесе құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) пайдаланбауға және олар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша ғана пайдалануға тиіс.
2. **Еуропада пайдалану үшін:** Бұл құрылғыны жасы 8-ден асқан балалар қолдана алады және кембағал, сезім мүкістігі бар немесе ақыл-есі кем немесе құрылғыны қолдану тәжірибесі жоқ не қолдана білмейтін адамдар (балаларды қоса алғанда) пайдаланбауға және өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның нұсқауы немесе қадағалауы бойынша ғана пайдалануға тиіс. Балалар құрылғымен ойнамауға тиіс. Балалар тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді ересектердің қадағалауынсыз жүргізуіне болмайды.
3. Балаларды құрылғымен ойнамас үшін қадағалап отыру керек.
4. Егер қорек сымына зақым келсе, қатерлі жағдай орын алмас үшін оны өндіруші немесе өндірушінің уәкілетті агенті немесе сол сияқты білікті адам ауыстыруға тиіс.
5. Құрылғымен бірге жеткізілген жаңа түтіктер жинағын қолдану керек, ескі түтіктер жинағын қайта қолдануға болмайды.

Қауіпсіздік ақпараты

6. Желдеткіш саңылаулары табанында орналасқан құрылғылардың саңылауларын кілем немесе басқа заттар бөгеп тастамауы керек.
7. **Еуропада пайдалану үшін:** 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылап отырмаған жағдайда құрылғыдан алыс ұстау керек.
8. **АБАЙЛАҢЫЗ:** Тоқты айырып-қосқыштардың параметрін дұрыс орнатпау нәтижесінде тоқ сөніп қалған жағдайда қауіпті жағдайларға жол бермеу үшін бұл құрылғыға таймер тәрізді сыртқы құралды орнатпау керек немесе құрал арқылы жиі қосылатын және сөндірілетін тізбекке қоспау керек.
9. Бұл тек үйде ғана пайдалануға арналған және оны мына жерлерде қолдануға болмайды:
 - дүкендердің ас бөлмелерінде, кеңселерде және басқа жұмыс орындарында;
 - ферма үйлерінде;
 - қонақ үйлер, мотельдер мен басқа тұрғылықты жерлердің клиенттері;
 - төсек және таңғы аспен жабдықтайтын жерлерде;
 - көп қабатты үйлерде немесе кір жуатын орындарда коммуналдық пайдалануға арналған жерлер.

Орнатуға қатысты қатаң ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл құрылғыны білікті техник немесе қызмет көрсету орталығы орнатуға тиіс.

- Олай істемеу электр тогының соғуына, өрттің шығуына, жарылысқа, құрылғының жұмысына байланысты мәселелерге немесе жарақаттануға алып келуі мүмкін.

Бұл ауыр құрылғы, сондықтан көтерген кезде абайлаңыз.

Қуат сымын жергілікті электр сипаттамаларына сәйкес келетін розеткаға мықтап қосыңыз. Розетканы осы құрылғы үшін ғана пайдаланыңыз және ұзартқыш сым пайдаланбаңыз.

- Розеткаға ұзартқышты немесе көп-салалы қосқышты пайдаланып басқа құрылғыларды қоссаңыз, электр қатері не өрт шығуы мүмкін.
- Желі кернеуінің, жиілік пен тоқ мәндерінің, құрылғының техникалық параметрлеріне сай келетінін тексеріңіз. Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Шаң немесе су секілді барлық бөгде заттарды үнемі құрғақ шүберекпен тазалап тұрыңыз.

- Ашаны розеткадан суырып, құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Ашаны қабырғадағы розеткаға, сымын еденді бойлата төсеп қосыңыз.

- Егер ашаны розеткаға кері бағытта сұқсаңыз, қорек кабелінің ішіндегі сымдар бүлініп, нәтижесінде электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Орам материалдарының барлығын балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз, себебі қауіпті болуы мүмкін.

- Егер бала қалтаны басына киіп алса, тұншығып қалуы мүмкін.

Құрылғыға немесе қорек сымына зақым келсе, жақындағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бұл құрылғыны жерге дұрыс қосу керек.

Құрылғыны газ құбырына, пластик су құбырына немесе телефон желісіне қоспаңыз.

- Бұл электр тогының соғуына, өртке, жарылысқа немесе құрылғыға қатысты мәселелерге әкелуі мүмкін.
- Құрылғының қуат сымын ешқашан жерге дұрыс қосылмаған розеткаға жалғамаңыз және ол жергілікті және мемлекеттік стандарттарға сай болуы керек.

Бұл құрылғыны қыздырғыштың немесе жанғыш заттардың қасына орнатпаңыз.

Бұл құрылғыны ылғалды, майлы немесе шаңды жерге немесе күннің жарығы тура түсетін немесе су (жаңбыр тамшылары) жерге орнатпаңыз.

Бұл құрылғыны төмен температуралы жерге орнатпаңыз.

- Аяз түтіктерді жарып жіберуі мүмкін.

Бұл құрылғыны газ жылыстап шығуы мүмкін жерге орнатпаңыз.

- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Электрлі трансформаторды қолданбаңыз.

- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Бүлінген ашаны, қорек сымын немесе босап қалған розетканы қолданбаңыз.

- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Қорек сымын қатты тартпаңыз немесе майыстырмаңыз.

Қуат сымын бұрамаңыз немесе байламаңыз.

Қуат сымын металл затқа байламаңыз, қуат сымына ауыр зат қоймаңыз, қорек сымын заттар арасына салыңыз немесе желілік бауды құрылғының артындағы бос орынға итермеңіз.

- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Қауіпсіздік ақпараты

Ашаны розеткадан қорек сымынан тартып суырмаңыз.

- Ашаны розеткадан, ашаның өзінен ұстап суырыңыз.
- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Бұл құрылғыны розеткаға, су құятын шүмектер мен су төгетін құбырларға жақын жерге орнату керек.

Уәкілетті емес қызмет провайдерінің жөндеуінен соң, өздігінен немесе кәсіби емес жөндеуден өткізгеннен кейін, Samsung бұйымды жөндеу және техникалық қызмет көрсету нұсқауларын мұқият орындамауға қатысты кез-келген әрекеттен туындаған зақымға, жарақатқа немесе өнімнің қауіпсіздігіне байланысты кез келген жауапкершілікке жауапты емес. Samsung корпорациясының сертификатталған қызмет провайдерінен басқа кез-келген адамның өнімді жөндеуге тырысқаны салдарынан болған өнімге келтірілген зиян кепілдікке кірмейді.

Орнатуға қатысты ескертулер

⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Бұл құрылғыны ашасына қол оңай жететін жерге орнату керек.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр тоғы таралып, электр қатері орын алуы не өрт шығуы мүмкін.

Құрылғыны салмағын көтере алатын тегіс және қатты еденнің үстіне орнатыңыз.

- Бұлай істемеу салдарынан діріл, қозғалыс, шу немесе құрылғыға қатысты мәселелер туындауы мүмкін.

Пайдалануға қатысты қатаң ескертулер

⚠ ЕСКЕРТУ

Егер құрылғы судың астында қалса, дереу электр және сумен жабдықтау желілерінен ағытыңыз да, жақындағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Қуат ашасын дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Бұл нұсқау орындалмаса, электр қатеріне ұрынуыңыз мүмкін.

Егер құрылғы бөтен шу, жанған иіс немесе түтін шығарса, ток сымын дереу суырып, ең жақын қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Газ шығып кеткен кезде (мысалы, пропан, сұйылтылған газ т.с.с.) құрылғы ашасына қол тигізбей, бөлмені дереу желдетіңіз. Құрылғыға немесе оның қорек сымына қол тигізбеңіз.

- Желдеткішті қолданбаңыз.
- Ұшқын жарылысқа немесе өртке әкелуі мүмкін.

Құралды тастамас бұрын, кір жуғыш машина есігінің тұтқасын алыңыз.

- Құрылғы ішінде қалып қойса, балалар қайтыс болуы мүмкін.

Кір жуғыш машинаны қолданар алдында, табанындағы орам материалдарын (жөке, көбікті текше) алыңыз.

Бензин, керосин, бензол, бояу сұйылтқыш, спирт не басқа да тұтанғыш немесе жарылғыш зат сіңген заттарды жумаңыз.

- Электр қатері орын алуы, өрт не жарылыс шығуы мүмкін.

Жұмыс істеп тұрған (жоғары температурада жуу/кептіру/айналдыру) кір жуғыш машинаның есігін күшпен ашпаңыз.

- Кір жуғыш машинадан аққан суға күйіп қалуыңыз немесе еден тайғанақ болып кетуі мүмкін. Нәтижесінде жарақат алуыңыз мүмкін.
- Есікті күшпен ашу құрылғының зақымдануына немесе жарақаттануға әкелуі мүмкін.

Қуат ашасын дымқыл қолмен ұстамаңыз.

- Электр қатеріне ұшырауыңыз мүмкін.

Жұмыс істеп тұрған кезде қуат сымын суыру арқылы құрылғыны өшірмеңіз.

- Қуат сымын қабырғадағы розеткаға қайта қосу ұшқынның пайда болуына және электр тогының соғуына немесе өртке әкелуі мүмкін.

Балаларға құрылғыға шығуға немесе ішіне кіруге рұқсат бермеңіз.

- Электр қатері, күйіп қалуы немесе жарақат алу қаупі бар.

Жұмыс жасап тұрған кір жуғыш машинаның астына қолыңызды немесе темір зат салмаңыз.

- Нәтижесінде жарақат алуыңыз мүмкін.

Құрылғыны ашасынан тартып сөндірмеңіз. Ашаны үнемі қатты ұстап, розеткадан тура суырып алыңыз.

- Қуат сымына зақым келсе, қысқа тұйықталу, өрт және/не электр қатері орын алуы мүмкін.

Құрылғыны өзіңіз жөндеуге, бөлшектеуге немесе өзгертуге әрекеттенбеңіз.

- Стандартты сақтандырғыштан басқа сақтандырғышты (мысалы, мыс, темір орамасы бар т.с.с.) қолданбаңыз.
- Құрылғыны жөндеу немесе қайта орнату қажет болған кезде, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Бұлай істемеу электр тогының соғуына, өртке, құрылғының жұмысына байланысты мәселелерге немесе жарақаттануға алып келуі мүмкін.

Егер су құятын түтік шүмектен босатылып, құрылғыны су басса, қуат сымын суырыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаса немесе найзағай немесе күн күркіреуі болса, қуат сымын розеткадан суырыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Егер құрылғыға бөтен зат кірсе, қуат сымын суырып, ең жақын орналасқан Samsung тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Балаларға (не үй жануарларына) кір жуғыш машинаның ішіне кіріп немесе үстіне шығып ойнауға рұқсат бермеңіз. Кір жуғыш машинаның есігі ішкі жағынан оңай ашылмайды және балалар қатты жарақат алуы немесе қамалып қалуы мүмкін.



Қауіпсіздік ақпараты

Пайдалану кезінде сақталатын сақтық шаралары

⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Кір жуғыш машина жуғыш зат, кір, тамақ қалдықтары және басқа заттармен ластанған кезде, қуат сымын суырып, кір жуғыш машинаны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

- Бұлай істемегенде, құрылғының өңі кетіп, деформациялануы, бүлінуі не тоттануы мүмкін.

Қатты соққы тисе алдыңғы шынысы сынып қалуы мүмкін. Кір жуғыш машинаны пайдаланған кезде абай болыңыз.

- Шынысы сынып қалса, жарақат алу қаупі бар.

Ұзақ уақыт пайдаланбағаннан кейін, сумен жабдықтаудың бұзылуынан немесе су құятын түтікті қайта жалғағаннан кейін су шүмегін баяу ашыңыз.

- Су құятын түтіктегі немесе су құбырындағы ауа қысымы құрылғының бір бөлігін зақымдауы немесе судың ағып кетуіне әкелуі мүмкін.

Жұмыс істеп тұрғанда су төгілсе, су төгуге қатысты ақаулықтың бар-жоғын тексеріңіз.

- Су төгіліп, құрылғы суда қалған кезде оны іске қоссаңыз, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Кірді салған кезде есікке қысылып қалмайтын етіп, кір жуғыш машинаға әбден салу керек.

- Егер кір есікке қыстырылып қалса, киімге немесе кір жуғыш машинаға нұқсан келуі немесе су ағып кетуі мүмкін.

Кір жуғыш машинаны пайдаланбаған кезде суды жауып қойыңыз.

- Су құятын түтіктің жалғастырғышының бұрандаларының дұрыс қатайтылғанын тексеріңіз.

Резеңке тығыздағыш пен алдыңғы есікті ешбір бөгде зат (мысалы, қоқыс, жіп, шаш т.с.с.) лаптап тастамауын қамтамасыз етіңіз.

- Есікке бөгде зат қыстырылып қалса немесе есік толық жабылмаса су ағып кетуі мүмкін.

Су құятын шүмекті ашып, су құятын түтіктің коннекторы мықтап бекітілгенін және құрылғыны қолданар алдында судың ағып кетпегенін тексеріңіз.

- Егер су құятын түтік жалғастырғышының бұрандалары босап қалса, су ағып кетуі мүмкін.

Сіз сатып алған құрылғы тек үйде пайдалануға арналған.

Құрылғыны іскери мақсатта пайдалану құрылғыны дұрыс пайдаланбау ретінде анықталады. Бұл жағдайда құрылғыға Samsung компаниясы берген стандартты кепілдік берілмейді және мұндай дұрыс пайдаланбау салдарынан болған ақаулар үшін Samsung жауапкершілік көтермейді.

Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе үстіне зат (мысалы, кір, жанып тұрған шамшырақ, тұтатылған темекі, ыдыс-аяқ, химиялық заттар, темір заттар т.с.с.) қоймаңыз.

- Бұл электр тогының соғуына, өртке, құрылғының жұмысына байланысты мәселелерге немесе жарақатқа әкелуі мүмкін.



Инсектицид сияқты ұшпа заттарды құрылғының бетіне шашпаңыз.

- Адамдарға зиянды болуымен қатар, бұл электр тогының соғуына, өртке немесе құрылғының жұмысына байланысты мәселелерге әкелуі мүмкін.

Электрмагнитті өріс шығаратын заттарды кір жуғыш машинаның қасына қоймаңыз.

- Дұрыс жұмыс істемей, адам жарақат алуы мүмкін.

Жоғары температурамен жуу кезінде төгілген су немесе кептіру циклы ыстық болады. Суға қол тигізбеңіз.

- Күйіп қалуыңыз немесе жарақат алуыңыз мүмкін.

Су ағызу уақыты судың температурасына байланысты өзгеруі мүмкін. Егер судың температурасы тым жоғары болса, су суығаннан кейін су төгу процесі басталады.

Су өткізбейтін көрпеше, төсем немесе киімдерді (*), құрылғыңызда осындай заттарды жууға арналған арнайы цикл болмаса жумаңыз.

(*): Жүн матадан жасалған төсек жабдықтары, жаңбыр жамылғылары, балықшы күртешесі, шаңғы тебуге арналған шалбар, жол төсек, жаялық, терлеуге, велосипед, мотоцикл, машинаны т.с.с. жабуға арналған жамылғылар.

- Қалың немесе қатты матрацтарды, затбелгісінде "кір жуғыш машинамен жууға болады" деп көрсетілсе де жумаңыз. Қалыптан тыс дірілдеудің әсерінен кір жуғыш машинаға, қабырғаға, еденге немесе киімге нұқсан келуі мүмкін.
- Еден сүрткіштерді немесе резеңкемен астарланған аяқ сүрткіштерді жумаңыз. Резеңке астары алынып, барабанға жабысып қалып, су төгуге байланысты ақаулықтар пайда болуы мүмкін.

Кір жуғыш машинаны жуғыш зат салынатын қорапшасы алынып тұрса қоспаңыз.

- Аққан судың әсерінен электр қатері пайда болуы не адам жарақат алуы мүмкін.

Кептіріп жатқанда немесе кептіріп бола сала барабанның ішіне қолыңызды тигізбеңіз, себебі ыстық.

- Күйіп қалуыңыз мүмкін.

Есіктің әйнегі жуу және кептіру кезінде ысып кетеді. Сондықтан есіктің әйнегіне тимеңіз.

Сондай-ақ, балаларға кір жуғыш машинаның айналасында ойнауға немесе есіктің әйнегіне тиюге жол бермеңіз.

- Күйіп қалуыңыз мүмкін.

Қолыңызды жуғыш зат қорапшасына салмаңыз.

- Жуғыш затты қосатын құралға қолыңыз қыстырылып қалып, жарақат алуыңыз мүмкін.

Ұнтақты жуғыш затты қолданған кезде сұйық жуғыш заттың нұсқаулығын алыңыз (тек үлгілерде).

- Олай болмаса, жуғыш зат тартпасының алдыңғы жағынан су ағуы мүмкін.

Кір жуғыш машинаға жуылатын кірден басқа затты (мысалы, аяқ киім, тағамның қалдығы, жануарлар) салмаңыз.

- Себебі кір жуғыш машинаға зақым келуі, егер жануарларды салсаңыз, қалыптан тыс дірілдің себебінен жарақат алуы не өліп қалуы мүмкін.

Түймешіктерді түйреуіш, пышақ, тырнақ т.с.с. өткір затпен баспаңыз.

- Электр қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.



Қауіпсіздік ақпараты

Иіс май дүкендерінде сатылатын не массаж салондарында қолданылатын май, крем немесе лосьон тәрізді заттар ластаған кірлерді жумаңыз.

- Себебі резеңке тығыздағыш деформацияланып, су ағуы мүмкін.

Түйреуіш немесе шаш түйреуіштері тәрізді темір заттарды не ағартқышты ұзақ уақыт барабанды ішінде қалдырмаңыз.

- Себебі барабанды тот басуы мүмкін.
- Егер барабанның бетінде тот пайда болса, оған шайғыш заттан (бейтарап) жағып, жөкемен тазалаңыз. Ешқашан темір шөткені қолданбаңыз.

Құрғақ жуғыш затты ешқашан тура қолданбаңыз және құрғақ жуғыш зат тұрып қалған киімдерді жумаңыз, шаймаңыз не айналдырмаңыз.

- Себебі майдың тотықтануына байланысты кенет жарылыс шығуы немесе тұтануы мүмкін.

Су салқындататын/қыздыратын құрылғылардың ыстық суын қолданбаңыз.

- Кір жуғыш машинада ақау пайда болуы мүмкін.

Кір жуғыш машинада кәдімгі қол сабынды қолданбаңыз.

- Егер ол кір жуғыш машинада қатайып, жиналып қалса, бұл құрылғыға, түссізденуге, тот немесе жағымсыз иістерге әкелуі мүмкін.

Нәски, төс тартқыш тәрізді заттарды кір жуатын торға салып, басқа киімдерге қосып жуыңыз.

Төсек жайма тәрізді үлкен заттарды кір жуатын торға салып жумаңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, қалыптан тыс дірілдеу, адамның жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Қатып қалған жуғыш затты қолданбаңыз.

- Егер кір жуғыш машина ішіне жиналып қалса, су ағып кетуі мүмкін.

Жуылатын киімдердің барлығының қалталарының бос екеніне көз жеткізіңіз.

- Тиын, түйреуіш, тырнақ, бұранда немесе тас тәрізді қатты, өткір заттар құрылғыға аса қатты зиян келтіруі мүмкін.

Үлкен қапсырмалары, түймелері бар немесе басқа ауыр темір зат тағылған киімдерді жумаңыз.

Кірді түсіне қарай жіктеп, ұсынылған цикл, су температурасы мен қосымша функцияларды таңдаңыз.

- Бұл түсінің түсуіне немесе матаның бүлінуіне әкелуі мүмкін.

Есікті жапқан кезде балалардың саусақтары қыстырылып қалмау үшін абай болыңыз.

- Нұсқау орындалмаса, жарақат алуы мүмкін.

Оғаш иістер мен зеңнің алдын алу үшін, жуу циклінен кейін барабанды кептіру үшін есікті ашық қалдырыңыз.

Қақтың жиналуын болдырмас үшін, жуу циклінен кейін жуғыш зат салынатын қорапшаны ашық қалдырып, ішін құрғатыңыз.



Тазалауға қатысты қатаң ескертулер

ЕСКЕРТУ

Құрылғыны оған тікелей су шашу арқылы тазаламаңыз.

Құрамында күшті қышқылы бар жуғыш затты пайдаланбаңыз.

Құрылғыны бензол, сұйылтқыш немесе спирт тәрізді заттармен тазаламаңыз.

- Себебі, құрылғының түсі кетіп, деформацияланып, бүлініп немесе электр қатері орын алуы, өрт шығуы мүмкін.

Тазалау немесе жөндеу жұмыстарын орындар алдында, құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.


Орнату

Кір жуғыш машина мінсіз жұмыс істеп, кір жуатын кезде адамға еш қатер төнбес үшін осы нұсқауларды мұқият орындаңыз.

Қазақ

Жинақтың құрамы

Өнімнің жинағында барлық бөлшектердің бар екеніне көз жеткізіңіз. Егер кір жуғыш машинаға немесе оның бөлшектеріне қатысты мәселе туындаса, жергілікті Samsung тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына немесе бөлшек сауда орталығына хабарласыңыз.



01 Босатқыш тетік

02 Жуғыш зат үлестіргіш

03 Барабан

04 Есік

05 Жұмыс алаңы

06 Басқару панелі

07 Қуат ашасы

08 Су төгетін түтік

09 Өзгермелі тірек


10 Сүзгінің қақпағы



Гайка кілті



Болт қақпақтары




Түтік бағыттағышы



Суық су түтігі



Ыстық су түтігі



Кабель қапсырмасы

ЕСКЕРІМ

- Гайка кілті: Тасымалдау болттарын алуға және кір жуғыш машинаны деңгейлеуге арналған.
- Болт қақпақтары: Тасымалдау болттарын алған соң тесіктерді жабуға арналған. Болт қақпақтарының саны (3 - 6) үлгі түріне байланысты.
- Түтік бағыттағышы: Су төгетін түтікті ағызу түтігіне немесе шұңғылшаға іліп қоюға арналған.
- Суық/ыстық су түтігі: Кір жуғыш машинаны сумен қамтамасыз етуге арналған. (Ыстық су түтіктері тек қолданылатын үлгілер үшін.)

Керек-жарақтар (бірге жеткізілмейді)

Қабаттап орнату жинағы: SKK-AT*/** қабаттап орнату жинағы кептіргішті кір жуғыш машина үстіне орнату үшін қажет.

Орнату

Орнатуға қойылатын талаптар

Электр қосылымы және жерге қосу

- Кір жуғыш машинаға арналған жеке айырып-қосқышты қолданыңыз.

Кір жуғыш машинаңыз, жерге дұрыс тұйықтау үшін жерге дұрыс қосылған розеткаға сұғуға арналған, үш істікшелі жерге қосылатын ашамен жабдықталған.

Жерге тұйықтауға қатысты күмәніңіз болса, білікті электршіге немесе қызмет көрсету технигіне хабарласыңыз.

Жинақпен берілген ашаға өзгеріс енгізбеңіз. Егер аша розеткаға сәйкес келмесе, дұрыс розетка орнату үшін білікті электршіні шақырыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ұзартқыш сымды ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
- Кір жуғыш машинамен бірге жеткізілетін қорек сымын ғана пайдаланыңыз.
- Жерге қосылатын сымды ешқашан пластик құбыр жүйесіне, газ жүйесіне не ыстық су құбырына ЖАЛҒАМАҢЫЗ.
- Жерге дұрыс тұйықталмаған өткізгіштер электр тоғын өткізуі мүмкін.

Сумен жабдықтау

Осы машинаға сай келетін су қысымы 50 кПа және 800 кПа арасында. 50 кПа-дан аз су қысымы су клапанының дұрыс жабылмауына әкелуі мүмкін. Немесе барабанды толтыруға көбірек уақыт қажет болып, машинаның сөніп қалуына әкелуі мүмкін. Су шүмектеріне машинамен бірге жеткізілген су құятын түтіктер жетуі үшін кір жуғыш машинаның арт жағынан 120см-ден қашық емес жерде орналасуға тиіс.

Су жылыстап ағу қаупін азайту үшін:

- Су шүмектеріне қол оңай жететініне көз жеткізіңіз.
- Кір жуғыш машинаны пайдаланбаған кезде шүмектерді жауып қойыңыз.
- Су құятын түтік фитинглерінен су жылыстап ағып тұрмағанын уақытылы тексеріңіз.

⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Кір жуғыш машинаны ең алғаш пайдалану алдында, су клапанындағы және шүмектердегі барлық қосылымдарды тексеріп, су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Суды төгу

Samsung биіктігі 60-90 см тік құбырды қолдануды ұсынады. Су төгетін түтікті түтіктің қапсырмасы арқылы өткізіп тік құбырға қосу керек және тік құбыр су төгетін түтікті толығымен жауып тұруы керек.

Еденге орналастыру

Кір жуғыш машинаның барынша тиімді жұмыс жасауын қамтамасыз ету үшін қатты еденге орнату керек. Ағаш еденге қойған кезде, діріл мен/не кірдің теңгерімі дұрыс сақталуы үшін еденді берік ету үшін қосымша жұмыстар жасау қажет болуы мүмкін. Кілем немесе жұмсақ тақта төселген еден дірілге сонша төзімді емес және айналдыру циклі кезінде кір жуғыш машинаның ақырын жылжуына себеп болуы мүмкін.

НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Кір жуғыш машинаны тағанның үстіне немесе бос тұрған төсемге ОРНАТПАҢЫЗ.

Су температурасы

Кір жуғыш машинаны су қатып қалуы мүмкін жерге қоймаңыз, себебі кір жуғыш машинаның су клапандарында, сорғылары және/түтіктерінде әрқашан шамалы су қалып отырады. Қосылым бөлшектерінде қалған мұздаған су кір жуғыш машинаның таспаларына, сорғысы мен басқа да компоненттеріне зақым келтіруі мүмкін.

Ұя ішіне не шкафқа орнату

Тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сақталатын ең аз қашықтық:

Бүйір жақтары	25 мм
Үстіңгі жағы	25 мм
Артқы жағы	50 мм
Алдыңғы жағы	550 мм

Егер кір жуғыш машина мен кептіргішті бір жерге орнатсаңыз, ұяның немесе шкафтың алдыңғы жағында кемінде 550 мм ауа кіретін бос орын болуға тиіс. Кір жуғыш машинаның бір өзін жеке орнатсаңыз, ауа кіруге арналған бос орын қажет жоқ.

Орнату

Орнату қадамдары

ҚАДАМ: 1 Орын таңдау

Орынға қойылатын талаптар:

- Кілем төселмеген, желдетуге кедергі келтірмейтін қатты, тегіс еден
- Күн сәулесі тура түсетін жерден алыс
- Желдетуге және электр сымдарын төсеуге ыңғайлы бөлме
- Қоршаған орта температурасы әрқашан мұз қату температурасынан (0 °C) жоғары
- Қызу көзінен алыс

ҚАДАМ: 2 Тасымалдау болттарын алу


Өнімнің орамын ашып, тасымалдау тетіктерін алыңыз.

ЕСКЕРІМ


Жинақпен берілген тасымалдау болттары үлгі түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ


- Орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Орам материалдарының барлығын (пластик қалталар, полистирол, т.с.с.) балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Жарақаттанып қалмау үшін, тасымалдау болттарын алған соң, болт қақпақтарымен тесіктерді жабыңыз. Тасымалдау болттары орнында болмаса, кір жуғыш машинаны қозғамаңыз. Кір жуғыш машинаны басқа орынға апармас бұрын тасымалдау болттарын жинақтаңыз. Тасымалдау болттарын кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз.



1. Жинақпен бірге берілген гайка кілтін пайдаланып, машинаның артқы жағындағы барлық тасымалдау тетіктерін босатыңыз.



2. Саңылауларды жинақпен бірге жеткізілген пластик қақпақтармен бітеңіз.
Тасымалдау тетіктерін кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз.




3. Кір жуғыш машинаның артқы жағындағы барлық пластик қақпақтарды жабыңыз.


Орнату

Қазақ


ҚАДАМ: 3 Өзгермелі тіректерін реттеу



1. Кір жуғыш машинаны орнына абайлап сырғытып апарыңыз. Қатты күш салса, деңгейлеу тіректеріне зақым келуі мүмкін.
2. Кір жуғыш машинаның деңгейін өзгермелі тіректерді қолмен бұрап реттеңіз.



3. Деңгейлеу аяқталған кезде, гайка кілтімен гайкаларды қатайтыңыз.



⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Өнімді орнатып жатқанда деңгейлегіш аяқтардың қуат сымын басып тұрмағанына көз жеткізіңіз.


⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Дірілге байланысты кір жуғыш машинаның қозғалуын не шу шығаруын болдырмау үшін барлық деңгейлегіш аяқтардың еден бетіне тиіп тұрғанын тексеріңіз. Одан кейін кір жуғыш машинаның шайқалып тұрмағанын тексеріңіз. Кір жуғыш машина шайқалып тұрмаса, гайкаларды қатайтыңыз.


ҚАДАМ: 4 Су түтігін жалғау

Жинақпен берілген су түтігі үлгі түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін. Су түтігіне қатысты берілген нұсқауларды орындаңыз.


Бұрамалы су кранына жалғау



1. Су түтігін су кранына жалғап, қосқышты көрсетілгендей сағат тілінің бағытымен бұраңыз.



2. Су түтігінің екінші ұшын, кір жуғыш машинаның артында орналасқан су құятын клапанға жалғаңыз. Түтікті сағат тілінің бағытымен бұрап қатайтыңыз.



3. Судың шүмегін ашыңыз да, қосылған жерлерден ешбір су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер су жылыстап ақса, жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


Су жылыстап ақса, кір жуғыш машинаны пайдалануды тоқтатып, электр көзінен ағытыңыз. Егер қосылымнан су ақса, Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе су кранынан су ақса, сантехникке хабарласыңыз. Бұлай істемеген жағдайда электр қатері орын алуы мүмкін.

Орнату


⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Су құятын түтікті күшпен созбаңыз. Егер түтік тым қысқа болса, орнына ұзынырақ, жоғары қысым түтігін салыңыз.


Бұрамасыз су кранына жалғау




1. (A) адаптерін су түтігінен (B) алыңыз.




2. Адаптердің төрт бұрандасын босату үшін Phillips бұранда бұрағышын пайдаланыңыз.



3. Адаптерді ұстап тұрып, (C) бөлігін 5 мм-ге (*) босату үшін көрсеткі бағытымен бұраңыз.



4. Адаптерді су кранына кіргізіп, содан кейін адаптерді көтеріп тұрып, бұрандаларды қатайтыңыз.
5. (C) бөлігін қатайту үшін көрсеткі бағытымен бұраңыз.




6. Су түтігін **(D) бөлігін** төмен тартып тұрып адаптерге жалғаңыз. Содан кейін **(D) бөлігін** босатыңыз. Түтік сырт етіп адаптерге кіреді.

7. Су түтігін жалғауды аяқтау үшін **“Бұрамалы су кранына жалғау”** бөліміндегі 2 және 3-қадамдарын орындаңыз.

ЕСКЕРІМ

- Су түтігін адаптерге қосқаннан кейін, оның дұрыс жалғанғанын су түтігін төмен тартып тексеріңіз.
- Жиі қолданылатын шүмек түрін пайдаланыңыз. Егер шүмек текше пішінді немесе тым үлкен болса, тығыздағыш шығырықты шүмекті адаптерге кіргізбей тұрып алыңыз.


Қосымша ыстық су құятын түтігі бар үлгілер үшін:



1. Ыстық су түтігінің қызыл ұшын, кір жуғыш машинаның артында орналасқан ыстық су құятын клапанға жалғаңыз.
2. Ыстық су түтігінің екінші ұшын ыстық су шүмегіне жалғаңыз.

Орнату

Аква түтігі (қолданылатын үлгілерге ғана қатысты)




Аква түтік пайдаланушыларға су ағу қаупі барын ескертеді. Ол судың ағысын сезеді және су аққан жағдайда **индикатордың (А)** ортасында қызыл болып жанады.

ЕСКЕРІМ

Аква стоп түтігінің ұшын машинаға емес, су шүмегіне жалғау керек.


ҚАДАМ: 5 Су төгетін түтікті орналастыру

Су төгетін түтікті үш түрлі тәсілмен орнатуға болады:



Ванның жиегінен асыра іліп қою

Су төгетін түтікті еденнен 60 см және 90 см (*) аралығындағы биіктікте орнату керек. Су төгетін түтіктің ұшын иілген қалпы ұстау үшін жинақпен бірге берілген **пластик түтік бағыттағышты (А)** пайдаланыңыз. Су тұрақты ағу үшін бағыттағышты қабырғаға ілгекті пайдаланып бекітіңіз.



Су төгетін түтіктің ішінде

Су төгетін түтік 60 см және 90 см (*) аралығында болуы керек. 65 см тік түтікті пайдалануды ұсынамыз.

- Су төгетін түтіктің өз орнында тұруын қамтамасыз ету үшін жинақпен бірге берілген пластик түтік бағыттағышты пайдаланыңыз (суретке қараңыз).
- Су төгіп жатқанда сифоннан су ағып кетпес үшін су төгетін түтікті су төгетін құбырға 15 см бойлата енгізіңіз.
- Су төгетін түтік жылжып кетпес үшін түтік бағыттағышты қабырғаға бекітіңіз.

Тік құбырға қойылатын талаптар:

- Диаметрі ең кемінде 5 см
- Ең аз өткізгіштігі минутына 60 литр

ҚАДАМ: 6 Электр желісіне қосу

Қорек сымының ашасын техникалық талапқа сай келетін, жерге қосылған және сақтандырғыш немесе айырып-қосқышпен қорғалған қабырғадағы розеткаға жалғаңыз. Содан кейін, кір жуғыш машинаны қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.



Іске кірісу алдында

Бастапқы параметрлер

Калибрлеу параметрін қосу (ұсынылады)

Калибрлеу циклы кір жуғыш машинаның салмақты нақты анықтауына көмектеседі. Калибрлеу циклын бастау алдында барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.

1. Кір жуғыш машинаны сөндіріңіз, содан кейін қайта қосыңыз.
2. **Температура (Темп.)** және **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** түймелерін 3 секунд басып ұстау арқылы Калибрлеу режиміне кіріңіз. “Сб” хабары пайда болады.
3. **Бастау/Үзіліс** түймесін басып Калибрлеу циклын қосыңыз.
4. Барабан шамамен 3 минут айналады. (Барабанның айналу бағыты үлгі түріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.)
5. Цикл аяқталғанда дисплейде “0” пайда болады да, кір жуғыш машина автоматты түрде сөнеді.
6. Кір жуғыш машина енді қолдана беруге дайын тұр.

Кір жуу туралы кеңес

ҚАДАМ: 1 Сұрыптау

Кірді төмендегі белгілері бойынша сұрыптаңыз:

- Затбелгі: Кірді мақта мата, аралас мата, синтетика, жібек мата, жүн мата және жасанды талшық түрлеріне бөліп сұрыптаңыз.
- Түсі: Ақ киімдерді түрлі түсті киімдерден бөліңіз.
- Көлемі: Барабанға әр түрлі киімдерді араластырып салғанда жуу нәтижесі жақсарады.
- Нәзіктік: Нәзік матадан жасалған заттарды, таза, жаңа жүн мата, перде және жібек матаға арналған баппен жуу циклымен жеке жуыңыз. Жуылатын киімдердің затбелгілерін қараңыз.

ЕСКЕРІМ

Киімдердің затбелгілерін міндетті түрде қарап, жуу алдында тиісінше сұрыптаңыз.



ҚАДАМ: 2 Қалталарды босату

Киімдердің барлығының қалталарын босатыңыз.

- Киімдегі тиын, түйреуіш және қапсырма тәрізді темір заттар басқа киімдерге, сонымен қатар барабанға зақым келтіруі мүмкін.

Түймелері және жиектемелері бар киімдердің астарын сыртына аударыңыз.

- Шалбарлардың немесе күртешелердің тартпалары жуған кезде ашық тұрса, барабанға зақым келуі мүмкін. Тартпаларды салып, баумен бекіту керек.
- Ұзын бауы бар киімдер басқа киімдерге байланып қалуы мүмкін. Киімнің бауларын жумай тұрып міндетті түрде байлаңыз.

ҚАДАМ: 3 Кір жууға арналған торды пайдалану

- Төс тартқышты (сумен жуылатын) кір жууға арналған торға салу керек. Төс тартқыштың темір бөліктері тесіп, басқа кірлерді бүлдіруі мүмкін.
- Нәски, қолғап, шұлық және бет орамал тәрізді кішкене, жеңіл заттар есіктің арасына қыстырылып қалуы мүмкін. Оларды кір жууға арналған торға салыңыз.
- Кір жууға арналған торды кір салмай жумаңыз. Себебі машина қалыптан тыс дірілдеп, орнынан жылжып, адам жарақат алуы мүмкін.

ҚАДАМ: 4 Алдын ала жуу (қажет болса)

Кір қатты кірлеген болса, таңдалған цикл үшін Алдын ала жуу опциясын таңдаңыз. Алдын ала жуу опциясын таңдаған кезде, негізгі жуу бөліміне ұнтақ жуғыш заттан салыңыз.

ҚАДАМ: 5 Салынатын кірдің мөлшерін анықтау

Кір жуғыш машинаны шамадан тыс толтырмаңыз. Өте көп кір салынса, кір жуғыш машина дұрыс жумауы мүмкін. Киім түрлеріне арналған салмақ мөлшерін **37**-беттен қараңыз.

ЕСКЕРІМ

Төсек жабдығын немесе төсек жапқыштарды жуғанда, жуу уақыты ұзаруы немесе айналдыру тиімділігі төмендеуі мүмкін. Төсек жабдықтарын немесе ақжаймаларды жуу үшін ұсынылатын ең үлкен айналдыру циклы 800 айн/мин және салмақ 2,0 кг немесе бұдан аз.

НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Егер кірдің теңгерімі жоқ болса, айналдыруға әсер етеді.



Іске кірісу алдында

ҚАДАМ: 6 Дұрыс жуғыш зат түрін пайдалану

Жуғыш заттың түрі матаның түріне (мақта мата, синтетика, нәзік мата, жүн мата), түсіне, жуу температурасына және қаншалықты кірлегеніне байланысты. Әрқашан автомат кір жуғыш машиналарға арналған “аз көпіршитін” жуғыш заттарды қолданыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Жуғыш затты өндіруші нұсқауларын кірдің салмағын, қаншалықты кірлегенін және аймағыңыздағы судың кермектігін ескере отырып орындаңыз. Судың қаншалықты кермек екенін білмесеңіз, жергілікті уәкілетті мекемеге хабарласыңыз.
- Жентектеліп немесе қатып қалған жуғыш затты қолданбаңыз. Бұндай жуғыш зат шаю циклынан кейін қалып, су төгетін түтікті бітеп тастауы мүмкін.

НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ


WOOL (ТОҚЫМА) циклымен жүн матаны жуған кезде, бейтарап сұйық жуғыш затты ғана пайдаланыңыз.

WOOL (ТОҚЫМА) циклында ұнтақ жуғыш затты пайдалансаңыз, кірге жұғып, оңдырып жіберуі мүмкін.




Кір жууға арналған капсулалар

Кір жууға арналған капсулаларды қолданып, ең үздік нәтижеге қол жеткізу үшін мына нұсқауларды орындаңыз.



1. Капсуланы бос тұрған барабанның астыңғы артқы жағына салыңыз.



2. Кірді барабанның ішіне капсуланың үстіне салыңыз.

⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Суық суды пайдаланатын циклдарда немесе бір сағаттан аз уақытта аяқалатын циклдарда сұйық жуғыш затты пайдалануды ұсынамыз. Әйтпесе, капсула толық ерімеуі мүмкін.

Іске кірісу алдында

Жуғыш зат бойынша ұсыныс


Температура ауқымдарына қолданылатын ұсыныстар цикл кестесінде берілген.

●	Ұсынылады	▲	Тек сұйық жуғыш зат
–	Ұсынылмайды	△	Тек ұнтақ жуғыш зат

Цикл	Жуғыш зат			Темп.
	Әмбебап	Нәзік мата және жүн маталар	Маман	
ХЛОПОК (МАҚТА МАТА)	●	–	–	Суық~90
СИНТЕТИКА	●	–	–	Суық~60
БЫСТРАЯ СТИРКА (ЖЫЛДАМ ЖУУ)	●	–	–	Суық~40
СИЛЬНЫЕ ЗАГРЯЗНЕНИЯ (ҚОРҒАНЫС КИІМІ)	●	–	–	Суық~60
ИНТЕНС. СТИРКА В ХОЛОДНОЙ ВОДЕ (ӨТЕ СУЫҚ)	●	–	–	Суық
ШЕРСТЬ/ДЕЛИКАТ. ТКАНИ (ТОҚЫМА/БИАЗЫ)	–	▲	▲	Суық~40
ГИПОАЛЛЕРГЕННАЯ ОБРАБОТКА ПАРОМ (ГИГИЕНА БУЫ)	●	–	–	90
ПОСТЕЛЬНОЕ БЕЛЬЕ (ТӨСЕК ЖАБДЫҚТАРЫ)	●	–	–	Суық~40

Жуғыш зат үлестіргішіне қатысты нұсқаулар

Кір жуғыш машинаның үш бөліктен тұратын үлестіргіші бар: сол жақ бөлігі негізгі жуу циклына, ортаңғысы мата жұмсартқышқа, оң жағындағысы алдын ала жуу циклына арналған.



1. **I Алдын ала жууға арналған бөлік:** Алдын ала жуғыш затты немесе крахмалды салыңыз.
2. **II Негізгі жуу циклының жуғыш затына арналған бөлік:** Негізгі жуу циклына арналған жуғыш затты, су жұмсартқышты, алдын ала жұмсартқыш затты, ағартқыш және/немесе дақ кетіргішті салыңыз.
3. **III Жұмсартқыш зат бөлігі:** Мата жұмсартқыш тәрізді қоспадан қосыңыз. (A) макс. сызығынан асырмаңыз.


⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

- Кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрғанда, жуғыш зат үлестіргішін ашпаңыз.
- Келесі жуғыш заттарды қолданбаңыз.
 - Таблетка және капсул ішіндегі жуғыш зат
 - Шарик немесе торға салынған
- Бөлік бітеліп қалмау үшін концентрацияланған немесе қою заттарды (мата жұмсартқыштарды немесе жуғыш затты) су қосып сұйылтып алу керек.
- Кешіктіріп аяқтау циклы таңдалғанда, жуғыш затты барабанға тура салмаңыз. Себебі, кірдің түсі оңып кетуі мүмкін. Кешіктіріп аяқтау таңдалғанда жуғыш зат тартпасын пайдаланыңыз.
- Барабанды тазалау үшін ешбір тазалағыш затты қолданбаңыз. Барабанда қалған химиялық заттардың қалдықтары жууға тиімділігіне әсер етеді.



Іске кірісу алдында


Жуғыш заттарды жуғыш зат үлестіргішке салу



1. Жуғыш зат үлестіргішті сырғытып ашыңыз.
2. Кір жуғыш затты **II негізгі жуу циклына арналған бөлікке** өндіруші нұсқаулары немесе ұсынысы бойынша салыңыз. Ұнтақ жуғыш затты пайдалану үшін **33-бетті** қараңыз.

⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

- Сұйық жуғыш зат үлестіргішінің негізгі жуғыш зат қорапшасына салынғанына көз жеткізіңіз.
- Белгіленген **(A) макс. сызығынан** асырмаңыз.
- Ұнтақ жуғыш затты немесе басқа да кір жуатын ұнтақ құралдарды сұйық жуғыш зат үлестіргішіне салмаңыз.




3. Мата жұмсартқышты **⊗ мата жұмсартқышқа арналған бөлікке** салыңыз. **(B) макс. сызығынан** асырмаңыз.

Жұмсартқыш зат соңғы шаю циклі кезінде кірге құйылады.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Мата жұмсартқыш ұнтақты пайдалануға рұқсат берілмейді. Мата жұмсартқыш сұйықты ғана пайдаланыңыз.
- Концентрацияланған мата жұмсартқышты пайдалану алдында су қосып сұйылту керек.
- Негізгі жуғыш құралды мата жұмсартқыш бөлікке салмаңыз.



4. Алдын ала жуу циклын пайдаланғыңыз келсе, алдын ала жуғыш затты **I алдын ала жууға арналған бөлікке** өндіруші нұсқаулары немесе ұсынысы бойынша салыңыз.
5. Жуғыш зат үлестіргішін жабыңыз.



Ұнтақ жуғыш затты пайдалану үшін




Әуелі сұйық зат үлестіргішін **II негізгі жуғыш зат үлестіргішінен** алыңыз. Содан кейін ұнтақ жуғыш затты негізгі жуғыш зат бөлігіне ұнтақ жуғыш зат өндірушінің нұсқауларына сай салыңыз.

⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

Ұнтақ жуғыш затты сұйық жуғыш зат үлестіргішіне салмаңыз.

Іске пайдалану

Басқару панелі



01 Цикл таңдау тетігі	Циклды таңдау үшін цикл тетігін бұраңыз.
02 Дисплей	Дисплейде ағымдық цикл ақпараты және цикл соңына дейін қалған болжамды уақыт немесе егер ақау бар болса, ақпарат коды көрсетіледі.
03 Температура (Темп.)	Ағымдық цикл суының температурасын өзгерту үшін басыңыз.
04 Полоскание (Шаю)	Қазіргі цикл үшін шаю циклының санын өзгерту үшін басыңыз. Цикл түріне қарай, шаю циклын ең көбі 5-ке дейін орнатуға болады.
05 Отжим (Айналдыру)	Ағымдық циклдың айналдыру жылдамдығын өзгерту үшін басыңыз. • Шаюды кідірту (индикаторсыз): Кірді судың ішінде қалдыру үшін соңғы шаю циклы тоқтатылады. Кірді алу үшін су төгу немесе айналдыру циклын қосыңыз. - Шаюды кідірту опциясын пайдалану үшін Отжим (Айналдыру) түймесін Айналдыру опциясының барлық индикаторлары сөнгенше қайталап басыңыз. • Айналдырмау (☹): Соңғы су төгу циклынан кейін барабан айналмайды. - Айналдырмау опциясын пайдалану үшін Отжим (Айналдыру) түймесін опция индикаторы (☹) жанғанша қайталап басыңыз.
06 Опции (Опциялар)	Басу арқылы Интенсив (Қарқынды) опциясынан таңдаңыз. Таңдамау үшін қайта басыңыз. • Опцияларға қолжетімділік циклдың түріне байланысты.
07 Интенсивное Замачивание (Көпіршікпен жібіту)	Көпіршікпен жібіту функциясын қосу/сөндіру үшін басыңыз. Бұл функция әр түрлі қатып қалған дақтарды тазалауға көмектеседі.


08 Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)	Кешіктіріп аяқтау қазіргі циклды аяқтайтын уақытты орнатуға мүмкіндік береді. Сіз орнатқан параметрлердің негізінде машинаның ішкі логикалық жүйесі циклды бастайтын уақытты анықтайды. Мысалы, бұл параметр машинаны жұмыстан келген кезде кір жууды аяқтайтын етіп баптау үшін пайдалы. Алдын ала орнатылған сағаттарды таңдау үшін басыңыз.
09 Добавить Вещи (Қиім қосу)	Бұл функцияны кір жуыла бастағаннан кейін кір қосып салу үшін пайдаланыңыз.
10 Smart Control (Смарт басқару)	Smart Control (Смарт басқару) функциясын қосу/сөндіру үшін осы түймені басыңыз. Smart Control (Смарт басқару) функциясы қосылғанда, кір жуғыш машинаңызды мобильдік құрылға арқылы басқара аласыз. Толық ақпаратты SmartThings бөлімінен қараңыз, 42 -бет.
11 Қуат	Кір жуғыш машинаны қосу/сөндіру үшін басыңыз.
12 Бастау/Үзіліс	Жұмысты бастау немесе тоқтату үшін басыңыз.

*(3 sec) : 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.



Іске пайдалану

Оңай бастау қадамы



1. Кір жуғыш машинаны қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
2. **Цикл таңдау** тетігін бұрап циклды таңдаңыз.
3. Цикл параметрлерін қажетіне қарай (**Температура (Темп.)**, **Полоскание (Шаю)** және **Отжим (Айналдыру)**) өзгертіңіз.
4. Опция қосу үшін **Опции (Опциялар)** түймесін басыңыз. Қажетті элементті таңдау үшін түймешікті қайта пайдаланыңыз.
5. Машина сізге ыңғайлы болуы үшін **Интенсивное Замачивание (Көпіршікпен жібіту)**, **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** және **Easy Iron (Жеңіл үтікту)** жылдам түймелерімен жабдықталған. Егер осы опциялардың бірін пайдаланғыңыз келсе, тиісті түймешікті басыңыз.
6. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.

Циклды жұмыс істеп тұрған кезінде өзгерту

1. Жұмысты тоқтату үшін **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.
2. Басқа циклды таңдаңыз.
3. Жаңа циклды бастау үшін **Бастау/Үзіліс** түймешігін қайта басыңыз.



Циклға шолу жасау

Стандартты циклдар

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)
ХЛОПОК (МАҚТА МАТА)	- Мақта мата, төсек жаймалары, үстел жапқыштар, сүлгілер немесе жейделер. Жуу уақыты мен шаю циклдарының саны салмаққа байланысты автоматты түрде қойылады. - Болмашы кірленген мақта мата заттарын 20 °C номинналды температурада жууға арналған	Макс.
 ХЛОПОК (МАҚТА МАТА)	- Мақта мата, төсек жаймалары, үстел жапқыштар, іш киімдер, сүлгілер немесе жейделерге арналған оңтайлы цикл. - Қуат үнемдеу үшін қазіргі жуу температурасы, көрсетілген температурадан төменірек болуы керек.	Макс.
СИНТЕТИКА	Полиэфир (диолен, тревира), полиамид (перлон, нейлон) не басқа ұқсас талшықтардан жасалған маталарға, т.с.с. заттарға арналған.	7,0
ПОЛОСК.+ОТЖИМ (ШАЮ+АЙНАЛДЫРУ)	Кірге мата жұмсартқышты қосқаннан кейін қолданылатын қосымша шаю циклын қамтиды.	-
ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)	- Барабандағы қоқысты және бактерияны арылта отырып тазалайды. - Ешбір жуғыш немесе ағартқыш затты пайдаланбай әр 40 жуу циклынан кейін қосыңыз. Әр 40 жуудан кейін ескертпе хабар шығады. - Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз. - Барабанды тазалау үшін ешбір тазалағыш затты қолданбаңыз.	-
МОЯ ПРОГРАММА (ЖҮКТЕЛГЕН)	Смартфоныңыздағы SmartThings қолданбасынан көп қолжетімді циклдар арасынан қажетін таңдаңыз.	-
БЫСТРАЯ СТИРКА (ЖЫЛДАМ ЖУУ)	Салмағы 5,0 кг-нан аз, шамалы кірлеген заттарға арналған. - Бұған судың қысымына, судың кермектігіне және/немесе қосымша таңдалған опцияларға қарай кемінде 17 минут уақыт кетеді. - Ұсынылатын жуғыш заттың мөлшері 20 г-нан (5,0 кг кір үшін) аз.	5,0
СИЛЬНЫЕ ЗАГРЯЗНЕНИЯ (ҚОРҒАНЫС КИІМІ)	Төзімді, бояуы берік және қатты ластанған киімдерге арналған.	9,0



Іске пайдалану

Цикл	Сипаттама	Макс. салмақ (кг)
ИНТЕНС. СТИРКА В ХОЛОДНОЙ ВОДЕ (ӨТЕ СУЫҚ)	Төмен температурада жуатын эко көпіршік циклы пайдаланылатын қуатты үнемдеуге көмектеседі.	9,0
ШЕРСТЬ/ДЕЛИКАТ. ТКАНИ (ТОҚЫМА/БИЯЗЫ)	- Жеңіл мата, төс тартқыш, іш киім (жібек) тәрізді машинамен жууға арналған мата немесе басқа тек қолмен жууға арналған маталар. - ШЕРСТЬ/ДЕЛИКАТ. ТКАНИ (ТОҚЫМА/БИЯЗЫ) циклы жүн матаның талшықтары отырып/пішімін жоғалтып алмас үшін баппен шайқап және жібітіп жуады. - Бейтарап жуғыш зат пен сұйық жуғышты қолдануды ұсынамыз.	2,0
ГИПОАЛЛЕРГЕННАЯ ОБРАБОТКА ПАРОМ (ГИГИЕНА БУЫ)	- Бұл цикл бояуы берік және қатты ластанған заттарды жуу барысында бактерияларды жою үшін берілген суды 60 °C асыра ысытады. - Кір жуғыш машина суды қыздырып тұрған кезде циклды тоқтатқыңыз келсе, сіздің қауіпсіздігіңіз үшін есік бекітіліп тұрады.	9,0
ПОСТЕЛЬНОЕ БЕЛЬЕ (ТӨСЕК ЖАБДЫҚТАРЫ)	- Көрпе қап, ақжайма, көрпе жапқыш т.с.с. - Жақсы нәтижеге жету үшін тек 1 ғана төсек жаймасының түрін жуыңыз.	4,0



ЕСКЕРІМ

- Тұрмыстық кір жуғыш машинаны немесе тұрмыстық кептіргіші бар кір жуғыш машинаны өндірушісі көрсеткен тиісті бағдарламаның сыйымдылығынан асыра толтырсаңыз, бұл қуат пен судың үнемделуіне әсер етеді.
- Шу мен қалған ылғалға айналу жылдамдығы әсер етеді: айналу фазасындағы айналу жылдамдығы жоғары болған сайын, шу артып, қалған ылғал азая береді.
- Қуатты пайдалануға қатысты ең тиімді цикл негізінен төмен температураларда және ұзақ жалғасатындары болып табылады.



Опциялар

Опция		Сипаттама
	Алдын ала жуу	Бұл негізгі жуу циклының алдына алдын ала жуу циклын қосады.
	Интенсив (Қарқынды)	Қатты ластанған киімдерге арналған. Әр циклдың жұмыс жасау уақыты әдеттегіден ұзағырақ.

Кешіктіріп аяқтау

Кір жуғыш машинаны, кір жууды кейін автоматты түрде аяқтау үшін, кешіктіріп аяқтау уақытын 1-тен бастап 19 сағат (1 сағаттық қадаммен) аралығында таңдауыңызға болады. Дисплейдегі уақыт жуу циклінің аяқталу уақытын көрсетеді.

1. Циклды таңдаңыз. Содан кейін қажет болса цикл параметрлерін өзгертіңіз.
2. **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** түймесін қажетті аяқтау уақыты орнатылғанша қайталап басыңыз.
3. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.
Сағат жүріп тұрғанда тиісті индикатор жанады.
4. **Отсрочка (Кешіктіріп аяқтау)** параметрін болдырмау үшін **Қуат** түймесін басып, кір жуғыш машинаны қайта іске қосыңыз.

Өмірден алынған мысал

Екі сағаттық циклды осыдан 3 сағат өткенде аяқтағыңыз келеді. Бұл үшін қазіргі 3 сағаттық параметрі бар циклға Кешіктіріп аяқтау опциясын қосып, **Бастау/Үзіліс** түймесін 14:00-де басыңыз. Сонда не болады? Кір жуғыш машина 15:00-де жуа бастап, 17:00-де аяқтайды. Төменде осы мысалдың уақыттары көрсетілген.



Қиім қосу

Бұл функцияны кір жуыла бастағаннан кейін кір қосып салу үшін пайдаланыңыз.

1. **Добавить Вещи (Қиім қосу)** түймесін басыңыз.
 - Су төгіле бастайды. Есік бекітпесі индикаторы сөнгеннен кейін кірді салып, есікті жабыңыз.
2. **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.

Іске пайдалану

Смарт басқару

Кір жуғыш машинаңызды қашықтан басқару үшін SmartThings қолданбасына қосылуыңызға болады.

Кір жуғыш машинаны қосу

1. Смартфон немесе планшетіңізге (Android және iOS) SmartThings қолданбасын жүктеңіз де, оған кіріңіз.
2. Кір жуғыш машинаны қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
3. **Smart Control (Смарт басқару)** түймесін басыңыз
 - a. Кір жуғыш машина AP режиміне кіреді де, смартфоныңызға немесе планшетіңізге қосылады.
 - b. Кір жуғыш машинаңызды аутентификациялау үшін басыңыз.

Аутентификация үдерісі аяқталғаннан кейін кір жуғыш машинаңыз қолданбаға сәтті түрде қосылады. SmartThings қолданбасындағы әр түрлі функцияларды пайдалануыңызға болады.

ЕСКЕРІМ

- Кір жуғыш машинаңыз SmartThings қолданбасына қосыла алмаса, қайта қосылуға тырысыңыз.
- Кір жуғыш машинаңызды SmartThings қолданбасына қосқаннан кейін интернет қосылымына қатысты мәселе туындаса, роутеріңізді тексеріңіз.
- Кір жуғыш машинаңыздың Wi-Fi функциясын қоссаңыз, оны ток көзіне қосулы тұрған-тұрмағанына қарамай, смартфон немесе планшет арқылы SmartThings қолданбасына қоса аласыз. Егер кір жуғыш машинаңыздың Wi-Fi функциясы сөндірулі тұрса, кір жуғыш машина SmartThings қолданбасында желіден тыс күйде тұрады.
- Smart Control (Смарт басқару) функциясын бастау алдында есікті жабыңыз.
- Кір жуғыш машинаның Wi-Fi функциясы AP (кіру протоколы) көзіне қосылмаса, оны ток көзінен ағытқанда Wi-Fi да сөнеді.

Параметрлер

Баладан бұғаттау

Балалар оқыс жағдайларға тап болмау үшін Баладан бұғаттау **Қуат** түймесінен басқа түймелердің барлығын бұғаттайды.

- Баладан бұғаттау функциясын орнату үшін **Температура (Темп.)** және **Полоскание (Шаю)** түймелерін 3 секунд қатар басып ұстап тұрыңыз.
- Баладан бұғаттау функциясын өшіру үшін **Температура (Темп.)** және **Полоскание (Шаю)** түймелерін 3 секунд қатар басып тұрыңыз.

ЕСКЕРІМ

- Баладан бұғаттау күйінде тұрғанда, жуғыш зат немесе кір салғыңыз келсе немесе қазіргі параметрлерді өзгерткіңіз келсе, әуелі Баладан бұғаттау функциясын өшіру керек.
- Бұл параметр машинаны қайта іске қосқаннан кейін де белсенді тұрады.

Дыбыстық сигналды қосу/сөндіру

Пернені қосуға немесе сөндіруге болады. Машинаны іске қосқаннан кейін таңдалған параметр белсенді күйде тұрады.

- Дыбысты сөндіру үшін **Добавить Вещи (Қиім қосу)** түймесін 3 секунд басыңыз.
- Дыбысты қайта қосу үшін тағы 3 секунд басып тұрыңыз.

Wi-Fi байланысы

Кір жуғыш машина жұмыс істей бастағанда, Wi-Fi желісі автоматты түрде қосылады. Wi-Fi байланысын қолдан басқару үшін **Температура (Темп.)** және **Smart Control (Смарт басқару)** түймесін 3 секунд басып, Wi-Fi байланысын қосуға немесе сөндіруге болады.

- 1 саны Wi-Fi байланысының қосұлы екенін, ал 0 сөндірулі екенін көрсетеді.



Іске пайдалану

SmartThings

Wi-Fi байланысы

Смартфонның **Settings (Параметрлер)** қойындысына өтіп, сымсыз байланысты қосып, КП (Кіру протоколы) таңдаңыз.

- Бұл құрылғы Wi-Fi 2,4ГГц протоколдарына қолдау көрсетеді.

Жүктеу

Қолданба нарығынан (Google Play дүкені, Apple App дүкені, Samsung Galaxy Apps) SmartThings қолданбасын “SmartThings” сөзін қолданып табыңыз. Қолданбаны құрылғыңызға жүктеңіз және орнатыңыз.

ЕСКЕРІМ

- SmartThings қолданбасы Android OS 6.0 (Marshmallow) немесе кейінгі нұсқасы бар үшінші тарап құрылғыларында, Android OS 5.0 (Lollipop) немесе кейінгі нұсқасы орнатылған Samsung және iOS 10.0 немесе кейінгі нұсқалары орнатылған iOS (iPhones үшін iPhone 6 немесе кейінгі нұсқасы болуы керек) құрылғыларда бар. Қолданба Samsung смартфондары үшін (Galaxy S және Note сериялары) оңтайландырылған.
- Қолданба жұмысты жақсарту үшін алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Жүйеге кіру

Әуелі SmartThings қолданбасына Samsung есептік жазбаңызбен кіріңіз. Samsung есептік жазбасын жасау үшін қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз. Есептік жазба жасау үшін жеке қолданба қажет емес.

ЕСКЕРІМ

Samsung есептік жазбаңыз бар болса, оны жүйеге кіру үшін пайдаланыңыз. Тіркелген Samsung смартфон пайдаланушысы жүйеге автоматты түрде кіреді.

Құрылғыңызды SmartThings қолданбасына тіркеу үшін

1. Смартфонның сымсыз желіге қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Қосылмай тұрса, **Settings (Параметрлер)** қойындысына өтіп, сымсыз байланысты қосып, КП (Кіру протоколы) таңдаңыз.
2. Смартфоннан **SmartThings** таңдаңыз.
3. “A new device is found. (Жаңа құрылғы табылды.)” жазуы көрінгенде **Add (Қосу)** параметрін таңдаңыз.
4. Ешбір хабар көрінбесе + таңдап, қолжетімді құрылғылар тізімінен кір жуғыш машинаны таңдаңыз. Кір жуғыш машина тізімде болмаса, **Device Type (Құрылғы түрі) > Specific Device Model (Нақты құрылғы үлгісі)** таңдап, кір жуғыш машинаны қолдан қосыңыз.
5. Кір жуғыш машинаңызды SmartThings қолданбасына төмендегідей тіркеңіз.
 - a. Кір жуғыш машинаңызды SmartThings қолданбасына қосыңыз. Кір жуғыш машинаңыздың SmartThings қолданбасына қосылғанына көз жеткізіңіз.
 - b. Тіркеу аяқталғанда кір жуғыш машина смартфонда пайда болады.



Ашық лицензия туралы құлақтандыру

Бұл өнімдегі бағдарламалық жасақтамада ашық лицензия бағдарламасы бар. Осы өнімді жөнелткеннен кейін, oss.request@samsung.com мекенжайына хат жолдап, тиісті түпнұсқа кодты толығымен үш жылға алуыңызға болады.

Толық түпнұсқа кодты CD-ROM тәрізді физикалық құралға сақтап алуға болады, бірақ бұл үшін шамалы төлемақы алынады.

Келесі URL мекенжайы: http://opensource.samsung.com/opensource/SMART_AT_051/seq/0 көпке ортақ ашық түпнұсқа кодты жүктеп алатын бетке және осы өнімге қатысты ашық код лицензиялық ақпаратына апарады. Бұл ұсыныс осы ақпаратты алған кез келген адамға беріледі.



ЕСКЕРІМ

Samsung осы мәлімдеме арқылы аталмыш радио құрылғының 2014/53/EU директивасына және ҰБ заңнамалық ережелерінің тиісті талаптарына сай келетінін хабарлайды. ЕО сәйкестік декларациясының толық мәтіні мен ҰБ сәйкестік декларациясының нұсқасын мына интернет мекенжайынан алуға болады: Ресми Сәйкестік декларациясын <http://www.samsung.com>, Қолдау > Өнімге қолдау көрсету қойындысына үлгі атауын енгізу арқылы алуға болады.

Wi-Fi макс. трансмиттерінің қуаты: 20 дБм, 2,412 ГГц – 2,472 ГГц

Wi-Fi қосылып тұрғанда, тұтынылатын қуат мөлшері тиісті ақпараттарда көрсетілген мәннен артады.



Күтім көрсету

Кір жуғыш машинаның жұмыс тиімділігі төмендемеу және қолданыс уақытын сақтау үшін таза ұстаңыз.

Барабан тазалау+

Барабанның бактериясын кетіріп тазалау үшін осы циклды уақытылы орындаңыз. Бұл цикл суды 60 °C және 70 °C арасында қыздырып, есіктің резеңке тығыздағышындағы қоқысты тазалайды.

1. Кір жуғыш машинаны қосу үшін **Қуат** түймесін басыңыз.
2. **Цикл таңдау** тетігін бұрап, **ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)** опциясын таңдаңыз.
3. **Бастау/Үзіліс** түймесін басып тұрыңыз.

ЕСКЕРІМ

- **ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)** функциясына арналған су температурасы 70 °C, мұны өзгертуге болмайды.
- **ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)** циклын 40 рет жуған сайын іске қосуды ұсынамыз.
- Қақ жиналудың алдын алу үшін, жергілікті су кермектігіне сәйкес жуғыш заттың тиісті мөлшерін қосып, жуғыш затпен суды жұмсартқыш қоспа қосыңыз.

БАРАБАН ТАЗАЛАУ+ ескертуі

Үлгі түріне қарай **ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)** индикаторы, таңба немесе жарық диодты шам түрінде болады.

Егер индикатор болса, индикаторлар басқару панелінде жанады.

Жарық диодты шам түрінде болса, жарық диодты шам **ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)** қасында не басқару панелінің функциялар аумағында жанып тұрады.

- **ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)** индикаторы әр 40 жуу циклы орындалған сайын басқару панелінде жыпылықтап тұрады. **ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)** циклын жиі орындап тұрған жөн.
- Еске салғыштың алғаш рет жыпылықтағанын көргеннен кейін, бұдан кейін 6 рет жуу барысында елемеуге болады. Еске салғыш 7^{-ші} рет көрсетілгеннен кейін, көрінбейді. Дегенмен, қайтадан екінші 40^{-шы} жуу циклынан кейін қайта көрсетіледі.
- Соңғы цикл тоқтатылғаннан кейін "0" хабары көрініп тұруы мүмкін.
- **ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+)** циклының қанша рет жұмыс істегенін **Қуат** түймесін басып көруге болады. Бұл машинаны тоқтатпайды немесе сөндірмейді, бірақ цикл санын есептеуді белгілейді.
- "0" көрініп тұрса да, машина қалыпты жұмыс істейді.
- Циклды гигиеналық мақсатта жиі орындауды ұсынамыз.



Smart Check

Бұл функцияны қосу үшін әуелі Samsung Smart Washer қолданбасын Play Store немесе Apple Store дүкенінен жүктеп, камера функциясы бар мобильдік құрылғыға орнатыңыз.

Smart Check функциясы Galaxy және iPhone сериялары (қол жетімді үлгілерге ғана қатысты) үшін оңтайландырылған.

1. Кір жуғыш машина тексеруді қажет ететін мәселені анықтағанда, дисплейде ақпарат коды пайда болады. Smart Check режиміне кіру үшін **Опции (Опциялар)** түймесін 3 секунд басыңыз.
2. Кір жуғыш машина өзіне диагностика жасай бастайды, егер мәселе бары анықталса, ақпарат кодын көрсетеді.
3. Мобильдік құрылғыдағы Samsung Smart Washer қолданбасын қосып, Smart Check түймесін түртіңіз.
4. Смартфон камерасы мен кір жуғыш машина бір-біріне қарап тұратын етіп, мобильдік құрылғыны кір жуғыш машинаның дисплейіне жақын қойыңыз. Содан кейін қолданба автоматты түрде ақпарат кодын таниды.
5. Ақпарат коды дұрыс танылғаннан кейін қолданба мәселеге қатысты толық ақпаратты, шешімдерімен бірге ұсынады.


ЕСКЕРІМ

- Smart Check функциясының атауы тілге байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- Егер кір жуғыш машинаның дисплейіне жарық шағылысса, қолданба ақпарат кодын тани алмауы мүмкін.
- Қолданба Smart Check кодын бірнеше рет қатарынан тани алмаса, қолданбаның экранына ақпарат кодын қолмен енгізіңіз.


Күтім көрсету

Төтенше жағдайда су төгу


Тоқ сөніп қалса, барабанның ішіндегі суды кірді алмай тұрып төгіңіз.



1. Кір жуғыш машинаның ашасын розеткадан суырып, тоқтан ажыратыңыз.
2. Ашу үшін **сүзгі қақпағының** үстіңгі жағын баппен түртіңіз.



3. Қақпақтың айналасына бос, кең сауытты қойып, **түтіктің қақпағын (А)** ұстап тұрып, төтенше жағдайда су төгетін түтікті сауытқа салыңыз.



4. Түтіктің қақпағын ашып **төтенше жағдайда су төгетін (В) түтіктің** ішіндегі суды сауытқа ағызыңыз.
5. Болған кезде түтіктің қақпағын жауып, түтікті қайта салыңыз. Содан кейін сүзгінің қақпағын жабыңыз.

ЕСКЕРІМ

Кең сауытты пайдаланыңыз, себебі барабанның ішіндегі су күткеннен көп болуы мүмкін.


Тазалау

Кір жуғыш машинаның беткі жағы


Тұрмыста қолданылатын, жеміргіш емес жуғыш зат пен жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Кір жуғыш машинаға су шашпаңыз.

Тор сүзгі

Су түтігінің тор сүзгісін жылына бір немесе екі рет тазалаңыз.



1. Кір жуғыш машинаны сөндіру үшін қуат сымын ағытыңыз.
2. Су шүмегін жабыңыз.
3. Кір жуғыш машинаның арт жағындағы түтікті бұрап ағытып алыңыз. Су атқылап кетпеу үшін түтікті шүберекпен жабыңыз.



4. Тор сүзгіні су құятын клапаннан алу үшін тістеуікті пайдаланыңыз.
5. Тор сүзгіні бұрама жалғастырғышы қоса батқанша суға терең батырыңыз.
6. Тор сүзгіні көлеңкеге қойып мұқият кептіріңіз.
7. Тор сүзгіні су құятын клапанға қайта салып, су түтігін қайта су құятын клапанға жалғаңыз.
8. Су шүмегін ашыңыз.




ЕСКЕРІМ

Егер тор сүзгі бітеліп қалса экранда “4C” ақпарат коды пайда болады.

Күтім көрсету

Қоқыс сүзгісі

Бітеліп қалудың алдын алу үшін қоқыс сүзгісін екі ай сайын тазалап тұрыңыз. Қоқыс сүзгісі бітеліп қалса, көпіршіктің әсерін төмендетуі мүмкін.



1. Кір жуғыш машинаны сөндіру үшін қуат сымын ағытыңыз.
2. Барабанның ішінде қалған суды төгіңіз. **“Төтенше жағдайда су төгу”** бөлімін қараңыз.
3. Ашу үшін сүзгі қақпағының үстіңгі жағын баппен түртіңіз.
4. Қоқыс сүзгісінің тетігін солға бұрап, қалған суды төгіңіз.
5. Қоқыс сүзгісін жұмсақ шөткемен тазалаңыз. Сүзгінің ішіндегі су төгетін сорғы қозғалтқышының бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз.
6. Қоқыс сүзгісін қайта салып, сүзгінің тетігін оңға бұраңыз.

ЕСКЕРІМ

- Кейбір қоқыс сүзгілерінде балалар төтенше жағдайға тап болуға жол бермеуге арналған қауіпсіздік құралы бар. Қоқыс сүзгісінің қауіпсіздік құралын ашу үшін басып, сағат тілінің бағытына қарсы бұраңыз. Қауіпсіздік құралының серпімді механизмі сүзгіні ашуға көмектеседі.
- Қоқыс сүзгісінің қауіпсіздік құралын жабу үшін сағат тілінің бағытымен бұраңыз. Серіппе тарсылдаған дыбыс шығаруы мүмкін, бұл қалыпты жағдай.


ЕСКЕРІМ

Егер қоқыс сүзгісі бітеліп қалса экранда **“5C”** ақпарат коды пайда болады.


⚠ НАЗАРАУДАРЫҢЫЗ

- Сүзгіні тазалап болғаннан кейін сүзгі тетігінің дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз. Бұлай істемегенде, су ағуы мүмкін.
- Сүзгіні тазалап болғаннан кейін дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. Бұлай істемегенде, дұрыс жұмыс істемеуі немесе су ағуы мүмкін.


Жуғыш зат үлестіргіш



1. Үлестіргіштің ішкі жағындағы **босату тетігін (А)** басып тұрып, үлестіргішті сырғытып ашыңыз.
2. Босату тетігі мен сұйық жуғыш зат сауытын тартпадан алыңыз.



3. Жұмсақ шөткені пайдаланып, үлестіргіштің элементтерін ағып тұрған сумен тазалаңыз.



4. Үлестіргіш ұясындағы жуғыш зат қалдықтары мен қақты тазарту үшін үлестіргіш ұясын бөтелке тазалайтын шөткемен тазартыңыз.
5. Босату тетігі мен сұйық жуғыш зат сауытын тартпаға қайта салыңыз.
6. Үлестіргішті жабу үшін сырғытып итеріңіз.

ЕСКЕРІМ

Қалған жуғыш затты тазалау үшін барабан бос тұрған кезде **ПОЛОСК.+ОТЖИМ (ШАЮ+АЙНАЛДЫРУ)** циклын орындаңыз.

Күтім көрсету

Мұздап қалғаннан кейін қалпына келтіру

Кір жуғыш машина 0 °C градустан төмендегенде мұздап қалуы мүмкін.

1. Кір жуғыш машинаны сөндіру үшін қуат сымын ағытыңыз.
2. Су түтігін жібіту үшін, шүмектің үстінен жылы су құйыңыз.
3. Су түтігін ағытып, жылы суға салып жібітіп қойыңыз.
4. Барабанға жылы су құйып, шамамен 10 минут қоя тұрыңыз.
5. Су түтігін судың шүмегіне қайта жалғаңыз.

ЕСКЕРІМ

Кір жуғыш машина сонда да дұрыс жұмыс істемесе, жоғарыдағы қадамдарды машина қалыпты жұмыс істегенше қайталаңыз.

Ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде күтіп ұстау

Кір жуғыш машинаны ұзақ уақыт пайдаланбай қалдырмауға тырысыңыз. Бұндай жағдайда, кір жуғыш машинаның суын төгіп, қуат сымын ағытыңыз.

1. **Цикл таңдау** тетігін **ПОЛОСК.+ОТЖИМ (ШАЮ+АЙНАЛДЫРУ)** циклын таңдау үшін бұраңыз.
2. Барабанды босатыңыз да, **Бастау/Үзіліс** түймешігін басыңыз.
3. Цикл аяқталған кезде су шүмегін жауып, су түтігін ағытыңыз.
4. Кір жуғыш машинаны сөндіру үшін қуат сымын ағытыңыз.
5. Барабанның ішін желдету үшін есікті ашыңыз.

Ақаулықты түзету

Тексерілетін мәселелер

Егер кір жуғыш машинаға қатысты мәселе пайда болса, әуелі келесі кестені қарап, ұсыныстарды қолданып көріңіз.

Ақаулық	Әрекет
Жұмыс істей бастамайды.	• Кір жуғыш машинаның қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Су шүмектерінің ашық екенін тексеріңіз. • Кір жуғыш машинаны іске қосу үшін Бастау/Үзіліс түймесін басыңыз немесе түртіңіз. • Баладан бұғаттау  сөндірулі екеніне көз жеткізіңіз. • Кір жуғыш машинаға су құйылар алдында бірнеше рет сырт-сырт еткен дыбыс естіледі де, есіктің бекітілгені тексеріледі, содан кейін жылдам төгеді. • Сақтандырғышты тексеріңіз немесе айырып-қосқышты қайта қалпына қойыңыз.
Су жетіспей тұр немесе ешбір су құйылмаған.	• Су шүмегін толық ашыңыз. • Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Су құятын түтіктің мұздап қалмағанын тексеріңіз. • Су құятын түтіктің жаншылып немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз. • Судың қысымының жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.
Цикл аяқталғаннан кейін жуғыш зат үлестіргіште шамалы жуғыш зат қалды.	• Кір жуғыш машинадағы су қысымының жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз. • Жуғыш заттың жуғыш зат үлестіргіштің ортасына салынғанына көз жеткізіңіз. • Шаю қақпағының дұрыс салынғанына көз жеткізіңіз. • Егер түйіршіктелген жуғыш затты пайдалансаңыз, жуғыш зат таңдағыштың үстіңгі жақта тұрғанына көз жеткізіңіз. • Шаю қақпағын алып, жуғыш зат үлестіргішті тазалаңыз.
Қатты дірілдейді немесе шуыл шығарады.	• Кір жуғыш машинаның тайғанақ емес тегіс, қатты еденге орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егер еден тегіс болмаса, кір жуғыш машинаның биіктігін реттеу үшін реттегіш тіректерді пайдаланыңыз. • Тасымал болттарының алынғанын тексеріңіз. • Кір жуғыш машинаның басқа затқа тиіп тұрмағанына көз жеткізіңіз. • Кірдің теңгерімі дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. • Қалыпты жұмыс барысында қозғалтқыштан шуыл шығуы мүмкін. • Жұмыс комбинизондарын немесе темірмен безендірілген киімдерді жуған кезде шуыл шығаруы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. • Тиын тәрізді темір заттардан шуыл шығады. Жуып болғаннан кейін осы заттарды барабаннан және сүзгінің корпусынан алыңыз.

Ақаулықты түзету

Ақаулық	Әрекет
Суды төкпейді және/немесе айналдырмайды.	- Су төгетін түтіктің су төгетін құбырға дейін тура қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Су төгу кедергісі пайда болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. - Қоқыс сүзгісінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. - Есікті жауып, Бастау/Үзіліс түймесін басыңыз немесе түртіңіз. Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін кір жуғыш машина есік жабылмайынша кептірмейді немесе айналдырмайды. - Су төгетін түтіктің мұздап немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз. - Су төгетін түтіктің кептеліп қалмаған құбырға жалғанғанына көз жеткізіңіз. - Егер кір жуғыш машинаға қосылып тұрған тоқ жеткіліксіз болса, кір жуғыш машина уақытша су төкпейді немесе айналдырмайды. Кір жуғыш машинаға тоқ жеткілікті беріле бастаған кезде ол қалыпты жұмыс істейді. Айналдыру циклы қосылмайды. - Кірдің біркелкі таратылып салынғанына көз жеткізіңіз. - Кір жуғыш машинаның тегіс, орнықты жерге қойылғанына көз жеткізіңіз. - Кірді қайта таратып салыңыз. Бір ғана кірді, мысалы монша халатын немесе джинс шалбарды жуу қажет болса, соңғы айналдыру нәтижесі қанағаттанғысыз болуы мүмкін және дисплейде “Ub” тексеру хабары пайда болады.
Есік ашылмайды.	- Кір жуғыш машинаны тоқтату үшін Бастау/Үзіліс түймесін басыңыз немесе түртіңіз. - Есік бекітпесінің механизмі ашылғанша шамалы уақыт қажет болуы мүмкін. - Есік машина тоқтағаннан кейін немесе тоқ сөндірілгеннен кейін 3 минут өткенше ашылмайды. - Барабан ішіндегі судың әбден төгілгеніне көз жеткізіңіз. - Барабан ішінде су бар болса есік ашылмауы мүмкін. Барабанның ішіндегі суды төгіп, есікті қолмен ашыңыз. - Есік бекітпесінің индикаторының сөніп тұрғанына көз жеткізіңіз. Кір жуғыш машинаның суы төгілгеннен кейін есік бекітпесінің шамы сөнеді.
Көпіршік өте көп.	- Ұсынылған жуғыш заттарды қажетті мөлшерде пайдаланғаныңызды тексеріңіз. - Қатты көпіршуге жол бермеу үшін тиімділігі өте жоғары (HE) жуғыш затты пайдаланыңыз. - Тұщы суда, аз кір салынғанда немесе шамалы кірлеген кірді жуу үшін жуғыш заттың мөлшерін азайтыңыз. - HE-емес жуғыш затты пайдалануды ұсынбаймыз.
Қосымша жуғыш зат сала алмаймын.	Жуғыш зат пен мата жұмсартқыштың қалған мөлшері көрсетілген шектен жоғары емес екеніне көз жеткізіңіз.

Ақаулық	Әрекет
Тоқтайды.	• Қуат сымын тоғы бар электр розеткасына қосыңыз. • Сақтандырғышты тексеріңіз немесе айырып-қосқышты қайта қалпына қойыңыз. • Кір жуғыш машинаны іске қосу үшін есікті жауып, Бастау/Үзіліс түймешігін басыңыз. Өз қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін кір жуғыш машина есік жабылмайынша кептірмейді немесе айналдырмайды. • Кір жуғыш машинаға су құйылар алдында бірнеше рет сырт-сырт еткен дыбыс естіледі де, есіктің бекітілгені тексеріледі, содан кейін жылдам төгеді. • Циклдың кідіретін немесе жібітетін кезеңі болуы мүмкін. Сәл күтіңіз, кір жуғыш машина жұмыс істей бастауы мүмкін. • Су құятын түтіктің тор сүзгісінің су шүмегіне қосылған жерлерінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. Тор сүзгіні уақытылы тазалаңыз. • Егер кір жуғыш машинаға қосылып тұрған тоқ жеткіліксіз болса, кір жуғыш машина уақытша су төкпейді немесе айналдырмайды. Кір жуғыш машинаға тоқ жеткілікті беріле бастаған кезде ол қалыпты жұмыс істейді.
Құйылатын судың температурасы теріс.	• Екі шүмекті де толық ашыңыз. • Температураның дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз. • Түтіктердің дұрыс шүмектерге қосылғанына көз жеткізіңіз. Су құбырларын шайыңыз. • Су қыздырғыштың кемінде шүмектен 120 °F (49 °C) ыстық су құятын етіп бапталғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар, су қыздырғыштың қуаты мен су толтыру жылдамдығын тексеріңіз. • Түтіктерді ағытып, тор сүзгіні тазалаңыз. Тор сүзгісі кептеліп қалған болуы мүмкін. • Кір жуғыш машинаға су құйыла бастағанда, температураны автоматты түрде басқару функциясы құйылып жатқан судың температурасын тексеретін болғандықтан, судың температурасы өзгеруі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай. • Кір жуғыш машинаға су құйылып жатқанда, суық немесе жылы температура таңдалып тұрса, үлестіргіштен тек ыстық және/немесе тек суық судың ағып жатқанын байқауыңыз мүмкін. Бұл температураны автоматты түрде басқаратын режимнің қалыпты функциясы, себебі кір жуғыш машина судың температурасын анықтайды.
Цикл соңында кір дымқыл болып тұр.	• Жоғары немесе өте жылдам айналдыру жылдамдығын пайдаланыңыз. • Қатты көпіршімес үшін өте тиімді (HE) жуғыш затты пайдаланыңыз. • Тым аз кір салынған. Өте аз кір салған кезде (бір немесе екі зат) теңгерімсіздік байқалып, толық айналмауы мүмкін. • Су төгетін түтіктің жаншылып немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз.



Ақаулықты түзету

Қазақ

Ақаулық	Әрекет
Су жылыстап ағады.	• Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. • Барлық түтіктердің берік жалғанғанына көз жеткізіңіз. • Су төгетін түтік ұшының ақаба су жүйесіне дұрыс кіргізіліп, бекітілгенін тексеріңіз. • Өте көп кір салмаңыз. • Қатты көпіршуге жол бермеу үшін тиімділігі өте жоғары (HE) жуғыш затты пайдаланыңыз.
Иіс шығады.	• Артық көпіршіктер ұяшықтарға жиналып қалып, зең иісі пайда болуы мүмкін. • Уақытылы зарарсыздандыру үшін шаю циклдарын қосыңыз. • Есіктің тығыздағышын (диафрагмасы) тазалаңыз. • Цикл аяқталғаннан кейін кір жуғыш машинаның ішін кептіріңіз.
Ешбір көпіршік көрінбейді (Көпіршік қосылатын үлгілерде ғана).	• Көп кір салған кезде көпіршіктер көрінбей қалуы мүмкін. • Қатты ластанған кірді жуған кезде көпіршік пайда болмауы мүмкін.

- Мәселе шешілмесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Қызмет көрсету орталығының нөмірі құрылғының жапсырмасында.
- Samsung осы Құрылғыны жөндеу нұсқауларын сақтамай жасалған жөндеу жұмыстарының салдарынан құрылғыға келген зақымға, жарақаттарға немесе құрылғы қауіпсіздігіне қатысты кез келген мәселелерге жауапты емес. Құрылғыны жөндеу әрекетінің (Samsung тарапынан сертификатталған қызмет провайдерінен басқа) нәтижесінде құрылғыға зақым келсе, бұл да кепілдікке кірмейді.



Ақпарат кодтары

Егер кір жуғыш машина жұмыс істемей қалса, экранда ақпарат коды пайда болуы мүмкін. Төмендегі кестеге қарап, ұсыныстарды орындап көріңіз.

Код	Әрекет
4C	Су құйылмай тұр. - Су шүмектерінің ашық екенін тексеріңіз. - Су түтіктерінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. - Су шүмектерінің мұздап қалмағанын тексеріңіз. - Кір жуғыш машинаның жеткілікті су қысымымен жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. - Суық судың шүмегі мен ыстық су шүмегінің дұрыс қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. - Тор сүзгіні тазалаңыз, бітеліп қалған болуы мүмкін. "4C" хабары пайда болғанда, машина суды 3 минут төгеді. Осы кезде қуат түймесі жұмыс істемейді.
4C2	Суық су құятын түтіктің суық судың шүмегіне мықтап қосылғанына көз жеткізіңіз. Егер ыстық судың шүмегіне қосылса, кей циклдарда кір қыжымдалып қалуы мүмкін.
5C	Су төгілмей тұр. - Су төгетін түтіктің мұздап немесе бітеліп қалмағанын тексеріңіз. - Су төгетін түтіктің қосылым түріне қарай дұрыс төселіп тұрғанына көз жеткізіңіз. - Қоқыс сүзгісін тазалаңыз, бітеліп қалған болуы мүмкін. - Су төгетін түтіктің су төгетін құбырға дейін тура қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. - Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
dC	Есігі ашық тұрған кір жуғыш машинаны пайдалану. - Есіктің дұрыс жабылып тұрғанына көз жеткізіңіз. - Кірлердің есікке қыстырылып қалмағанын тексеріңіз.
OC	Су тасып төгілді. - Айналып болғаннан кейін қайта бастаңыз. - Дисплейде ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
LC, LC1	Су төгетін түтікті тексеріңіз. - Су төгетін түтік ұшының еденде жатпағанына көз жеткізіңіз. - Су төгетін түтіктің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. - Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ақаулықты түзету

Код	Әрекет
ЗС	Қозғалтқыштың жұмысын тексеріңіз. - Циклды қайта бастап көріңіз. - Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
УС	Электрониканы басқару жүйесін тексеру керек. - Тоқ дұрыс келіп тұрғанын тексеріңіз. - Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Кернеудің төмен екені анықталды. - Қуат сымының қосылып тұрғанын тексеріңіз. - Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
НС	Жоғары температура қыздыруын тексеру. Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
1С	Су деңгейінің сенсорлары дұрыс жұмыс істемей тұр. - Тоқ көзінен ағытып, циклды қайта бастап көріңіз. - Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
АС	Негізгі және қосымша РВА құралдарының арасындағы байланысты тексеріңіз. - Тоқ көзінен ағытып, циклды қайта бастап көріңіз. - Ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, тұтынушыға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
0	Соңғы айналдыру үдерісінен кейін машина автоматты түрде сөнбейді, "0" хабары көрінген қалпы тұр. Машина ОЧИСТКА БАРАБАНА+ (БАРАБАН ТАЗАЛАУ+) циклын қоспай қалыпты жұмыс істеуде. Дегенмен, циклды гигиеналық тазалықты сақтау үшін орындауды ұсынамыз.

Экранда ақпарат коды сонда да көрсетіліп тұрса, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Техникалық сипаттама

Матаға күтім көрсету кестесі

Келесі таңбалар матаға күтім көрсету нұсқаулары ретінде берілген. Киімге күтім көрсету жапсырмаларында кептіру, ағарту, кептіру және үтіктеу не қажет болса, құрғақ күйде тазалауға қатысты нұсқаулар беріледі. Бұл таңбалар отандық және шетелдік киім өндірушілердің затбелгілерінде бірдей қолданылады.

Киімді ұзақ пайдалану және жуған кезде ешбір мәселе туындамас үшін, оның зат белгісіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Жуу

	95 °C қайнатып жуу.
	60 °C түсті жуу.
	60 °C түсті жуу. ("Оңай күтім" түсті жуу)
	40 °C түсті жуу.
	40 °C баппен жуу.
	40 °C аса баптап жуу.
	30 °C өте баптап жуу.
	30 °C мұқият баптап жуу.
	30 °C өте мұқият баптап жуу.
	Қолмен жуу.
	Жууға болмайды.

ЕСКЕРІМ

Барабан ішіндегі жуу градустары ең үлкен жуу температурасын Цельсий шамасымен көрсетеді және одан асыруға болмайды.

Ағарту

	Кез келген ағарту құралын пайдалануға болады.
	Тек оттегілі ағарту құралын қолдануға рұқсат етіледі.
	Ағартпаңыз.

Кептіру

	Құрғақтай кептіру / Қалыпты кептіру үдерісімен 80 °C градууста кептіру.
	Құрғақтай кептіру / Баппен кептіру үдерісімен 60 °C градууста кептіру.
	Кептіргіш машинамен кептірмеңіз
	Іліп кептіру.
	Суын тамшылатып, іліп кептіру.
	Жайып кептіру.
	Суын тамшылатып, жайып кептіру.
	Көлеңкеде жіпке іліп кептіру.
	Көлеңкеде суын тамшылатып, жіпке іліп кептіру.
	Көлеңкеде жайып кептіру.
	Көлеңкеде суын тамшылатып, жайып кептіру.

ЕСКЕРІМ

- Нүктелер кептіргіштің кептіру деңгейін көрсетеді.
- Сызықтар кептіру түрі мен кептіретін жерді көрсетеді.

Техникалық сипаттама

Үтіктеу

	Макс. үтік табаны 200 °C градуста тұрғанда үтіктеңіз.
	Макс. үтік табаны 150 °C градуста тұрғанда үтіктеңіз.
	Макс. үтік табаны 110 °C градуста тұрғанда үтіктеңіз. Бу үтіктерін пайдаланғанда абай болыңыз (бусыз үтіктеңіз).
	Үтіктемеңіз.

ЕСКЕРІМ

Нүктелер үтіктеу температураларының аралықтарын көрсетеді (қалыпты, бу, кәдімгі үтіктер және үтіктеу мәшинелері).

Кәсіби деңгейлі күтім көрсету

	Перхлорэтилен және/немесе көмірсутектерді (ауыр бензиндер) пайдаланып, қалыпты үдеріспен кәсіби деңгейлі құрғақ тазалау.
	Перхлорэтилен және/немесе көмірсутектерді (ауыр бензиндер) пайдаланып, баппен кептіру үдерісімен кәсіби деңгейлі құрғақ тазалау.

	Көмірсутектерді (ауыр бензиндер) пайдаланып, қалыпты үдерісте кәсіби деңгейде құрғақ тазалау.
	Көмірсутектерді (ауыр бензиндер) пайдаланып, баппен кәсіби деңгейде құрғақ тазалау.
	Құрғақ тазалауға болмайды.
	Кәсіби деңгейде сумен тазалау.
	Кәсіби деңгейде сумен баптап тазалау.
	Кәсіби деңгейде сумен аса баптап тазалау.
	Сумен тазалауға болмайды.

ЕСКЕРІМ

- Дөңгелекпен қоршалған әріптер (P, F) құрғақ немесе сумен тазалау үшін (W) қолданылған тазалағыш затты көрсетеді.
- Әдетте, символдың астындағы сызықша баппен тазалау (мысалы, оңай күтім көрсетілетін заттар үшін баппен тазалау циклын қолдану) үдерісін көрсетеді. Қос сызықша барынша баппен тазалау қажет екенін көрсетеді.

Қоршаған ортаны қорғау

- Бұл құрылғы қайта өңдеуден өткізуге болатын материалдардан жасалған. Егер бұны тастағыңыз келсе, жергілікті қоқыс тастау ережелерін орындаңыз. Құрылғыны тоққа қосуға жол бермес үшін қорек сымын кесіп алыңыз. Жануарлар мен кішкене балалар қамалып қалмас үшін, қақпағын ағытып алыңыз.
- Жуғыш затты өндірушісі нұсқаулығында көрсетілген мөлшерден артық мөлшерде пайдаланбаңыз.
- Дақ кетіретін және ағартқыш заттарды, тек қажетті жағдайларда ғана, жуу циклі басталмай тұрып қолданыңыз.
- Су мен электр қуатын, кірді толтыра салып жуу арқылы үнемдеңіз (кірдің нақты мөлшері қолданылатын бағдарламаға байланысты анықталады).

Қосалқы бөлшектеріне берілетін кепілдік

Нарыққа модельдің соңғы бірлігін шығарған соң кемінде 10 жыл бойы кәсіби жөндеушілер мен тұтынушыларға мына қосалқы бөлшектер қолжетімді болатынына кепілдік береміз.

- Есік, есік топсалары мен тығыздауыштары, басқа тығыздауыштар, есікті құлыптау жинағы және жуғыш зат диспенсерлері сияқты пластик керек-жарақ.
- Тізімдегі бөлшектерді төменде көрсетілген вебсайттан сатып алуға болады.
 - <http://www.samsung.com/support>


Желінің күту режимінде тұрғанда пайдаланатын қуат мөлшері

Қуат тұтынуы	Желінің күту режимі	2,0 Вт
	Желідегі күту режимінің ұзақтығы (WI-FI)	10 мин

Техникалық сипаттама

Техникалық ақпарат парағы

* * “ Жұлдызша(лар) түрлі үлгіні көрсетеді, ол (0-9) немесе (A-Z) түрінде өзгеруі мүмкін.



Түрі			Кір алдынан салынатын кір жуғыш машина
Үлгі атауы			WF18T8000**
Өлшемдері	А (ені)		686 мм
	В (биіктігі)		984 мм
	С (қалыңдығы)		796 мм
	D		864 мм
	E		1386 мм
Судың қысымы			50-800 кПа
Таза салмағы			104,0 кг
Максималды жүктеу сыйымдылығы		Жуу және айналдыру	18,0 кг
Қуат тұтынуы	Жуу және қыздыру	AT 220-240 В / 50 Гц	2200-2600 Вт
Айналдыру айналымы			1100 айн/мин

ЕСКЕРІМ

Дизайны және техникалық параметрлері сапаны жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

EPREL ақпараты

Үлгінің EPREL торабындағы тіркеліміне кіру үшін:

1. Мына торапқа барыңыз: <https://eprel.ec.europa.eu>
2. Құрылғының қуат жапсырмасында берілген үлгі идентификаторын іздеу жолағына енгізіңіз
3. Үлгінің қуат ақпараты көрсетіледі

* Құрылғыға қатысты ақпаратты мына сайттан тура алуға болады: <https://eprel.ec.europa.eu/qg/#####> (тіркеу нөмірі)

Тіркеу нөмірін құрылғының техникалық ақпараттар жапсырмасынан алуға болады.

Көрсетілген мақсатта, қалыпты жағдайда қолдану керек

Ұсынылатын қолдану мерзімі: 7 жыл

Өндіруші құрылғының дизайны мен техникалық параметрлерін алдын ала ескертусіз өзгерту құқығына ие

Жадынама

Жадынама



Өндірілген елі: Вьетнамда жасалған

Өндіруші: Samsung Electronics Co., Ltd /Самсунг Электроникс Ко., Лтд

Өндірушінің мекенжайы: 129, Осеон-Донг, Гуанчсан-Гу, Гуанчжоу-Сити, 16677, Корея, Samsung Gwangju Electronics Co., Ltd

Зауыт орналасқан жер: «Самсунг Электроникс ХСМС СЕ кешені» ЖШҚ. Лот Л-11, Д2 көшесі, Сайгон жоғарғы технологиялар паркі, Танг Нхон Пху Б ауданы, 9-аймақ, Хошимин қаласы, Вьетнам

Импорттаушы және Қазақстан Республикасының аймағында пайдаланушылардың кінәрат-талаптарын қабылдайтын мекеме: «Samsung Electronics Central Eurasia» (Самсунг Электроникс Центральная Евразия) ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050000, Желтоқсан көшесі, 115, 3-қабат



Символ Кедендік одақтың 005/2011 техникалық регламентіне сәйкес қолданылады және осы өнімнің қаптамасын екінші рет пайдалануға арналмағанын және жоюға жататынын көрсетеді. Осы өнімнің қаптамасын азық-түлік өнімдерін сақтау үшін пайдалануға тыйым салынады.



Символ қаптаманы жою мүмкіндігін көрсетеді. Символ сандық код және/немесе әріп белгілері түріндегі қаптама материалының белгісімен толықтырылуы мүмкін.

СҰРАҒЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ҰСЫНЫСЫҢЫЗ БАР МА?

ЕЛ	ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ	НЕМЕСЕ МЫНА МЕКЕНЖАЙҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ:
RUSSIA	8-800-555-55-55	www.samsung.com/ru/support
BELARUS	810-800-500-55-500	www.samsung.com/support
GEORGIA	0-800-555-555	www.samsung.com/support
ARMENIA	0-800-05-555	www.samsung.com/support
AZERBAIJAN	0-88-555-55-55	www.samsung.com/support
KAZAKHSTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/kz_ru/support
UZBEKISTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 7799)	www.samsung.com/uz_ru/support
KYRGYZSTAN	00-800-500-55-500 (GSM: 9977)	www.samsung.com/support
TAJIKISTAN	8-10-800-500-55-500 (GSM: 8888)	www.samsung.com/support
MONGOLIA	1800-25-55	www.samsung.com/support
UKRAINE	0-800-502-000	www.samsung.com/ua/support
MOLDOVA	+373-22-667-400	www.samsung.com/support



DC68-04282G-01